



24.01.2018

АҚОРДА



ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Нурсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында Қазақстан Президентінің Америка Құрама Штаттарына ресми сапа-

рының нәтижелері мен қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар қарастырылды.

— Біз бүгін Қазақстан делегациясының АҚШ-қа ресми сапарының қорытындысын, соның ішінде АҚШ президенті Дональд Трамп пен вице-президент Майкл Пенспен, басқа да басшылармен өткен келіссөздердің нәтижелерін талқылаймыз. Сондай-ақ еліміздің мүддесі үшін бұл уағдаластықтардың орындалуына септігін

тигізетін шараларды қарастыру қажет, — деді Елбасы.

Қазақстан Президенті АҚШ-тың ірі компанияларымен және қаржы институттарымен жасалған келісімдерді іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

— Біз америкалық бизнес «капитандармен» нақты уағдаластықтарға қол жеткіздік. Бұлар біздің экономикамызға, әсіресе инновацияны енгізу, цифрландыруды дамыту және Қазақстанға инвестициялар

мен жаңа технологияларды тарту салаларына тың серпін беретін болады, — деді Нурсұлтан Назарбаев.

Сонында Елбасы Қазақстан мен Американың жоғары деңгейдегі диалогы еліміздің экономикасын дамыту және өңірдегі қауіпсіздікті нығайту тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесі отырысының қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

Елбасы АҚШ сапарын қорытындылады

Мемлекет басшысы Нурсұлтан Назарбаев Америка Құрама Штаттарына ресми сапарының қорытындылары жөнінде кеңес өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кеңесе Президент Әкімшілігінің басшысы Ә.Жақысбеков, Президенттің көмекшісі — Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы В.Жұмаканов, Президенттің көмекшілері Н.Онжанов пен Ә.Смайылов қатысты.

Мемлекет басшысы АҚШ-қа ресми сапарының аясында өткізілген кездесулерді қорытындылап, қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін бірқатар нақты тапсырма берді.

— Сапар табысты болды. Ең бастысы, нақты мәселелер бойынша нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді, — деді Нурсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті шетелдік компаниялармен экономикалық ынтымақтастықты нығайтып, дамыту жөніндегі міндеттерді іске асырудың маңыздылығын атап өтті.



ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

ЖАҢА ДӘУІРГЕ БАСТАЙТЫН ҚҰЖАТ

Мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа Жолдауы – еліміздің қарқынды дамуы үшін атқарылатын іс-шаралар жоспары мен жүзеге асырылатын саяси жобалардың жиынтығы. Бұл құжаттарда адамзат игілігіне пайдалы әрбір саланы дамыту мәселелері талқыланып, замана сай ері бәсекеге қабілетті болудың тың тетіктері талданады. Елбасының ел тұрғындарына арнайтын жыл сайынғы Жолдауы сонсымен маңызды, сондықтан құнды.

Айдана НҰРМҰХАН

Президентіміздің биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы да жана дәуірге бейімделу мен жетістікке жету жолында атқаруымыз қажет іс-шаралардың қатарын айқындап берді. Мемлекет басшысы бүгінде Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, яғни технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанымызды атап өтіп, осы тұста жаңа технологиялық қалыпқа құйылып, жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болуымызды тапсырды. Бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу ел тұрғындары Елбасының әрбір бастамасын оң бағалап, мемлекеттің дамуы үшін жана міндеттерді айқындайтын жыл сайынғы Жолдаудың үнемі

қолдап келеді. Ақорданың ресми мәліметіне зер салсақ, Президентіміздің атына биылғы Жолдаудың мән-мағынасы мен маңыздылығына қатысты республиканың түкпір-түкпірінен көлемді хабарлар көптеп келуде. Алғашқылардың бірі болып Astana Ballet ұжымы телеграмма жіберіпті. «Мемлекет басшысының жылдағы Жолдауы – елімізді дамытудың жаңа кезеңіне арналған сапалы іс-шаралар жоспары. Биылғы халыққа арнауында ел тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырудың тетіктері айқын көрсетілген» делінген хабарламада. Бүгінде еліміздің он имиджін әлемдік аренада қалыптастыруға атсалып жүрген ұжым кез келген дүниежүзілік экономикадағы дағдарысты енсеру үшін ұлт болып бірігудің маңыздылығын атап өтті. Сонда ғана бейбітшілік пен келісім орнап, тұрақты даму, тың бастамаларды игеру оңтайлы болмақ.

Тарихы терең Жамбыл атындағы Қазақ



мемлекеттік филармониясы да биылғы маңызды құжатты талқылаудан тыс қалмаған. Бұл ұжымның әу бастан бергі басты ұстанымы – қазақ өнерін асқақтату, рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау әрі насихаттау. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауымен танысып, ерекше әсер алған үлкен ұжым еліміздің мүддесіне жайраттын жаңа жоспарлар мен тың идеяларды

жүзеге асыруды мықтап қолға алған. Бұл тұрасында Елбасыға жолдаған хабарлама-сында баяндапты.

Ел басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын өзге де өнер ордалары қолдап, хат жолдаған. Абай атындағы мемлекеттік академиялық театр, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақконцерт, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры және басқа да мәдениет ошақтары биылғы ресми құжаттың маңыздылығына қатысты өз мәтіндерінде мағыналы ой қалдырған.

— Адами капитал – жаңғыру негізі. Президентіміздің биылғы тапсырмаларының негізгісі – осы. Адами капиталды жетілдіруге өнер азаматтары түгелдей жұмылдырылуы керек. Өйткені бізге бұйырған кәсіптің басты миссиясы – адамзатты сүю. Біздің ұстаным – адам бойындағы жақсы мінез-құлықты қалыптастыру мен орталы ізгілікке тәрбиелеу десек, дәл осы миссия еліміздің басты ресурсы адами капиталды құруға қызмет етпек, — деп жазады Республикалық неміс театрының ұжымы.

Осы ұжымның ұстанымын әсте қолдайтын, мәдени ортаны қалыптастыруға үлес қосуға даяр топтардың бірі – болашақ зиялы азаматтарды дайындайтын білім ордалары.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ ұлттық өнер институты, А.Жұбанов атындағы республикалық мамандандырылған музыкалық мектеп-интернат, Ж.Елебеков атындағы Алматы эстрадалық колледжі және тағы басқа білім ошақтарының ұжымы Елбасы Жолдауындағы әрбір бастамаға үлкен жауапкершілікпен қарап, ондағы бастамаларды зор ыждаһаттылықпен орындайтынын жеткізген. Басқа да ұлттық, мемлекеттік және жергілікті білім беру мекемелерінің ұжымы да Нурсұлтан Әбішұлының атына арнайы хаттар жолдапты.

Президент Әкімшілігінің мекенжайына жолданған хабарлардың ішінен ұжымшарлардың хабарынан бөлек, Жолдаудың маңызына қатысты жеке азаматтардың да хаттарын кездестіруге болады. Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисті Талғат Күзембаев, ақын Әбіл Қонысбай, Қазақстанның халық артисі Бөлат Аюханов, қаламгерлер Мәди Айымбетов, Сұлтан Оразалин, Сәбит Оразбаев, Смағұл Елубаев, Әлібек Асқаров, республикаға еңбек сіңірген қайраткер Оразқұл Асанова және өзге де қоғам қайраткерлерінің жазбасында Елбасының биылғы Жолдауы қолдау тапқан.

Мемлекет басшысының бұл ресми құжаттағы жаңа дәуірге бейімделген бастамаларын спорт санқатары да қолдаған. Жақсылық Үшкөмпіров бастаған Қанат Ислам, Дмитрий Баландин, гротескмейстер Динара Сәдуақасова, Параолимпиада ойын-

дарының чемпионы Зүлфия Ғабидуллина сынды спортшыларымыз биылғы Жолдауға «жастарды болашаққа ынталандыратын басты құжат» деген баға берген. Спорт өркендерін дайындайтын білім беру мен жаттықтыру мекемелерінің ұжымдары да Жолдауды қолдайтын хаттарын жіберген екен.

Президенттің жылдағы Жолдауының негізгі басымдықтарының бірі – білім беру саласы. Елбасы биыл да «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» деп атап өтті. Осы тұста білім беру мекемелерінен бөлек, біздің ғылыми-зерттеу орталықтары мен ірі кітапханаларымыз жаңа дәуірге сәзсіз бейімделуі тиіс. Ақтөбе облысындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы жазбасында осы міндетпен келісетінін жазыпты. Елбасының атына республиканың басқа өңіріндегі кітапхана ұжымдарынан да осындай хабарлар көптеп келген.

Республикамыздан тыс, алыс-жақын шетелдердегі қазақстандықтар да Мемлекет басшысының биылғы Жолдауына қатысты ой-пікірлерін жеткізіпті. Миландағы Бок-кони университетінің лекторы Әйгерім Болатқызы «Жетістікке жетудің төте жолы – білімде. Сондықтан Елбасы айтқандай, жастардың энергиясын бірінші кезекте білім алуға жұмсауымыз қажет. Бұған қоса, жас буын өкілдері ағылшын тілін үйренуге ден қоюы керек. Өйткені шет тілін меңгерген білімді жастар ғана замана талабын орындай алмақ» дейді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қазақстан Президенті Нурсұлтан Назарбаев Ресей Федерациясының президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары өңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың жағдайы мен перспективасын, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің Еуразиялық экономикалық интеграция аясындағы өзара ықпалдастық мәселелерін талқылады.

Екі ел көшбасшылары Нурсұлтан Назарбаевтың Вашингтонға сапарына және Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалығына байланысты күн тәртібіндегі өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Елбасы Нурсұлтан Назарбаев көрнекті мемлекет қайраткері Жексенбек Еркімбековтің қайтыс болуына байланысты туған-туыскандары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Жексенбек Еркімбеков белгілі музыкант және мәдениет пен өнер саласының талантты ұйымдастырушысы еді. Ол он жылдан астам еліміздің Мәдениет министрлігін басқарып, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуына зор үлес қосты» делінген жеделхатта.

Нурсұлтан Назарбаев Жексенбек Еркімбековтің еңбегі мен жарқын бейнесі қазақстандықтардың жүрегінде әрдайым сақталатынына сенім білдірді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

САЯСАТҚА СӘН БЕРГЕН САПАР

Қазаққа «Көргені жақсы – көш бастар» деген сөз бар. Екі тізгін, бір шылбырды қолға алғалы Президент Нурсұлтан Назарбаев өз елімізді өрге сүйреудің қамында жүр. Әсіресе, халықаралық деңгейде Тәуелсіз мемлекетіміздің мөрейн үстем етіп, жер жаһандағы кілең саясаттың майын ішкен майталмандар арасында қашан да бір иығы биік тұратын, мәмілеге келтіру, мәселе шешу, дтітеген мақсатына жету деген тұрғыда «қазақ деген елдің баласы» ұғымын ұлықтап көле жатқанына ел куә. Журналистика жолында жүргенімізге қырық жылдан асыпты. Еліміз Тәуелсіздік алғалы Елбасымыздың талай сапарына жолсерік ретінде өлденеше рет ілесіпміз. Көзбен көргенді, көңілге түйгенді тағы да ойлы оқырман зердесіне ұсынудың реті келгендей.

» 3-БЕТ

ЖАНАЗЫҚ

ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕСІ

Президент Нурсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының ең басты 33 нәтижесінің 17-тармақшасы ядролық қарудан бас тарту және өзге де еліміз үшін елеулі бастамаларына арналған.

» 6-БЕТ

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ

Қазақстанда жаңа ұлттық компания құрылмақ. Бұл Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында белгілі болды. Жиында Үкімет мүшелері «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру бойынша өткен жыл қорытындыларын шығарды. Сондай-ақ құқық қорғау қызметін, атқарушылық іс жүргізу және сот сараптамасының мәліметтерін цифрландыру, азаматтық авиацияны одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Айхан ШӘРІП

Отырысты ашқан Б.Сағынтаев сырттағы сақылдаған сары аязға ден қоймай кете алмады. Темірдің өзін көкаязландырып, қарыған сұрапыл суық Астанадан бастап, бірнеше облыстың мазасын кетіріп тұр. Сондықтан Премьер күн тәртібінен тыс осы мәселеге жеке тоқталып, бірқатар нақты тапсырмалар берді. Ол метеорологтардың мәліметтеріне сүйеніп, мұндай ауа райы тағы бірнеше тәулік сақталатынын ескертті. Қазір еліміздің 6 өңірінде ауа температурасы 30-40 градусқа дейін төмендеді. Таяу уақытта осындай қара суық онтүстіктегі төрт өңірді басады деп күтілуде. Осыған байланысты Бақытжан Сағынтаев өкімдіктерге жылу желілерінде, әсіресе, шағын қалалардағы шағын қазандықтарда температуралық кестені сақтау бойынша қосымша шаралар қабылдауды тапсырды.

— Әлеуметтік нысандарға — ауруханаларға, мектептерге және балабақшаларға ерекше көңіл бөлу керек. Оқу орындарында сабақтың болмайтыны туралы хабар халыққа барлық колжетімді тәсілдермен уақытылы жеткізілуге тиіс, — деді ол.

Премьер халық сағаттан автобус күтіп қалмауы үшін қоғамдық көлік дәл кесте бойынша жұмыс істеуі керектігін нықтады. Барлық өкімдіктер өз қызметкерлерінің кезекшілік кестесін әзірлеуге тиіс. «112» бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметінің желісі өскен жүктемені ескере отырып, үздіксіз жұмыс істеуі қажет.

Ішкі істер министрлігіне автожолдарда пәрменді бақылауды қамтамасыз ету тапсырылды. Қажет болған жағдайда көліктің барлық түрлерінің елдімекендерден шығуын шектеу бойынша уақытылы шешім қабылдау және белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Ведомство өкімдіктермен бірге, жүргізушілер мен жолаушыларға жылжымалы жалыну



бекеттерін, ыстық тамақтануды ұйымдастыруға міндеттелді. Сондай-ақ апаттан құтқару бригадаларының кезекшілігін, жедел және медициналық қызметтерді сүйемелдеуді қамтамасыз ету керек.

— Осы ең суық кезенді барлық қызметтер нақты әрі үйлесімді түрде өткеруге тиіс. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, жеке компаниялардың басшыларына жеке қайырыламын: қызметкерлеріңізді жұмыс орындарында кешке дейін ұстамаңыздар! Мүмкіндігінше орталықтандырылған түрде қызметкерлеріңізді жеткізіп салуды ұйымдастырған жөн, — деп жүктеді Үкімет басшысы. Айтылған мәселелерді ерекше бақылауда ұстау бірінші вице-премьер Асқар Маминнің өзіне тапсырылды.

Үкімет отырысында Инвестициялар және даму министрі Ж.Қасымбек «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша өкімдіктер рейтингін жариялады. Негізі, 2017 жылдың қорытындысында баспана құрылысына барлық көзден 979,8 млрд теңге инвестиция салынды, бұл алдыңғы жылғыдан 18%-ға жоғары. Жеке инвестициялардың үлесі 825,8 млрд теңгені немесе жалпы көлемнің 84,3%-ын, ал мемлекеттік инвестициялар үлесі — 154 млрд теңгені немесе 15,7%-ын құрады.

«Былтыр 11,2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2016 жылғыдан 6,2 пайызға жоғары. «Нұрлы жердің» жылдық жоспары 111%-ға орындалды. Жалпы, 100,8 мың тұрғын үй салынды, оның ішінде 75,8 мың үй немесе жалпы көлемнің 75% жеке сектор есебінен, 25 мың пәтер мемлекеттік инвестициялар есебінен тұрғызылды» деді Ж.Қасымбек.

Ол тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша Астана қаласы (2,4 млн шаршы метр) және Алматы қаласы (1,9 млн), сондай-ақ Маңғыстау (833 мың) және Ақтөбе (792,3 мың) облыстары көшбасшы атанғанын жеткізді. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан

(42,4%), Оңтүстік Қазақстан (36,2%), Қостанай (35,9%) және Павлодар (31,2%) облыстарында тұрғын үй құрылысы көлемінің айтарлықтай өсім қарқыны байқалады. Өңірлерге баспана құрылысына қажетті инфрақұрылымды жүргізу үшін 77,3 млрд теңге бөлінген, оның 99,5%-ы немесе 76,9 млрд теңгесі игерілді.

Мәселені талқылау барысында бірінші вице-премьер А.Мамин, «Бәйтерек» холдингінің төрағасы А.Әріпханов, Қарағанды облысының әкімі Е.Қосанов, Ақмола облысының әкімі М.Мырзалін, Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев, Маңғыстау облысының әкімі Е.Тоғжанов, БҚО әкімі А.Көлігінов, ОҚО әкімі Ж.Түймебаев сөз сөйледі.

Мәселені талқылауды қорытқан Үкімет жетекшісі жеткенге тоқмейілісіміз, бұдан әрі тұрғын үймен қамтамасыз етудің жыл сайынғы өсімін 10% деңгейде ұстап тұруды жүктеді.

— «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асырудың алғашқы жылы жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Ел тарихында алғаш рет 11 млн шаршы метрден астам баспана пайдалануға берілді. Оған Мемлекет басшысы бастамашы болған жана мемлекеттік бағдарлама- ның арқасында қол жеткізілді. Мұндай қорсеткіштер Қазақстан Тәуелсіздігінің 26 жылында болмаған, — деді Бақытжан Сағынтаев.

Ол статистиканы және қабылдау- тапсыру актілерін уақытылы тапсырмауға және басқаларға қатысты проблемалар халыққа түсініксіз себептер болып табылатынын, өйткені бұл тікелей мемлекеттік органдардың құзыреттіліктеріне жататынын баса назар аударғты.

«Биыл жұмыс барысында мұндай олықылықтарға жол бермейміз деген сенімдемін. Оның үстіне биылғы Жолдауда Елбасы 2030 жылға қарай баспана көлемін әр адамға шаққанда 30 шаршы метрге дейін жеткізуді міндеттеді, ал бұл жыл сайын 10%-ға өсіріп отыруды талап етеді» деді

Б.Сағынтаев. Ендеше, 2018 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы көрсеткіштері былтырғы көлемдерден бір миллион шаршы метрге асып түсуге тиісті.

Үкімет жиынында Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек Қазақстанда ұшақтар мен тікұшақтардың ұшу қауіпсіздігін қалағалайтын жана ұлттық компания құрылатынын хабарлады.

— Бірлескен жұмыстар негізінде біз «британдық модельді» енгізудің тәсілдемелерін жасадық. Ол ұшу қауіпсіздігі саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын — азаматтық авиация саласын қадағалайтын және бақылайтын ұлттық компания түріндегі жана құрылымға тапсыру бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізуді қарастырды. Ұлттық компания министрлік алдында есепті болады. Инспектор ретінде жұмыс істейтін кейбір қызметкерлер ұлттық компанияға ауысады, — деді Жеңіс Қасымбек.

Министрлік тек осы саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен халықаралық қатынас мәселелеріне ғана жауап береді. Кейін журналистерге арналған баспасөз мәслихатында министр Азаматтық авиация комитеті штаптының көбі — үштен екісі жана ұлттық компанияға кететінін айтты. Ол кеткен қызметкерлердің жалақысы да жоғарырақ болатын көрінеді.

«Біз ұшақтардың да, ұшқыштардың да сапасын лайықты тексере алмаймыз. Себебі, комитетке тиісті мамандарды шақыруға шамамыз жок: ол мамандар жеке компанияларда біз ұсына алатынынан 4-5 есе көп жалақы алады. Демек, оларды осы жұмысқа тарту үшін біз тиісті жағдай жасауға тиіспіз. Бұған тек ұлттық компания немесе АҚ формасында ғана қол жеткізе аламыз. Бұл үшін мемлекеттік функциялардың бір бөлігін компания деңгейіне беру талап етіледі. Өйткені барлық халықаралық талаптарға жауап беретін мамандарды тарту туралы сөз болып отыр. Әйтпесе, комитетте қабылданған жалақыларға бұл мамандарды сапалы тартуды қамтамасыз ете алмаймыз» деп түйді министр.

Айтқандай, 2017 жылы отандық әуе компаниялары жолаушылар тасымалы жөнінен рекорд орнатты: жолаушылар ағынының өсімі 23%-ды құрады. Бұл — соңғы 25 жылдағы ең үлкен көрсеткіш. Мұндай жетістікке жетуге EXPO — 2017 көрмесінің сәтті өтуі ықпал еткен екен. Транзиттік жолаушылар тасқыны 30%-ға, жүк тасымалы 24%-ға артқан. Жалпы алғанда, 2017 жылы Қазақстан әуежайлары 14,2 млн жолаушыға қызмет көрсетті.

МӘЖІЛІС

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЗАҢДА КӨРІНІС БЕРЕДІ

Мәжілісте жүз миллиард теңге қаржыны қажет ететін жаңа заң жобасының тұсауы кесілді. Құжат әлеуметтік қызмет көрсетуді жаңғыртуды қарастырады. Бұл үшін осы жүз йеге қазірдей тек мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғана емес, сондай-ақ енді жеке сектордың, үкіметтік емес ұйымдардың, азаматтардың өздерінің де ынтымақтасуы қамтамасыз етілмек.

«Кейбір заңнамалық актілерге әлеуметтік қамсыздандыру мәселері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын осы заң жобасының таныстырылымын өткізген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нұржан Әлтаевтың айтуынша, оның бірнеше жана-лығы бар.

— Біріншіден, ол мемлекеттің, сондай-ақ азаматтардың өздерінің, отбасы мүшелерінің, жеке сектордың және үкіметтік емес ұйымдардың ортақтасып, әлеуметтік қызмет көрсетуі жолымен әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғыртуға бағытталған. Сонымен бірге, өмірлік қиын жағдайының денгейіне қарай қазақстандықтарды категорияға бөлу көзделеді. Сондай-ақ «әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау жүйесін қайта қарау», «арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының және мамандарының бірыңғай тіркелімін құру» ұсынылады, — деді вице-министр.

Бұл әлеуметтік қызмет көрсетудің жана стандарттарын және тарифтерді белгілеу әдістемесін әзірлеуді қарастырады. Нәтижесінде, әлеуметтік қызмет көрсетуде

қазіргі «өтініш беру принципіне» «анықтау принципіне» өту күтілуде. Яғни, енді қазақстандықтар емес, қызмет көрсетушілер жүгіреді. Осы мақсатта «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тәртібін әзірлеу және бекіту бойынша уәкілетті органның құзыретін нақтылауды көздейтін түзетулер енгізілуде.

Жаңалықтардың екінші бір бөлігі дараланады. Ол бойынша «өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың қызметін формализациялау» мақсатында жана заң жобасы арқылы қолданыстағы заңнамаға, атап айтқанда «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңдарға міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын адамдар санаттарын нақтылау, Әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдарды төлеу тәртібін және мөлшерін нақтылау және басқалары бойынша түзетулер енгізіледі.

Нәтижесінде, әлеуметтік аударымдардың төлеушілері ұғымының мазмұнын ашып, қаржыландыру көзін анықтау мүмкіндік болады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізгі институттарының атқаратын қызметтерін шектейтін нормалар көзделген.

Үшінші бір бөлігі Мемлекет басшысының рухани жаңғыру мақаласындағы еліміздің басқа өңірлеріне көшіп кеткенімен, өздерінің туған жеріне қолдау жасауды қалайтын кәсіпкерлерге, шенеуніктерге, зиялы қауым мен жастардың өкілдеріне қол ниетін жүзеге асыруда жәрдемдесуді қарастырады. Бұл тапсырманы іске асыру мақсатында «Қайырымдылық туралы» заң өзгертіледі.

Елдос СЕНБАЙ

ЖӨН ЕКЕН!

ОТАНЫНА ОРАЛУЫНА КӨМЕКТЕСТІ

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Асқар Шәкіров Алматыдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған Дағдарыстық орталығында тұратын үш кішкентай баласы бар Молдавия азаматшасының отанына оралуына жәрдем берді.

Ол әйелдің өзінің, сондай-ақ оның балаларының жеке басын

қуәландыратын құжаттардың жоқтығына байланысты елден кетуге мүмкіндігі болмаған. Осы жағдаймен танысқан омбудсмен Әйел мен оның отбасын құжаттандыруға және отанына қайтаруын ұйымдастыруына жәрдемдесуі өтінішімен Сыртқы істер министрлігіне және Молдавия омбудсменіне жүгінді. Сөйтіп екі елдің сыртқы саяси ведомстволары мен

қазақстандық омбудсмен кеңсесі қызметкерлерінің жедел өзара ынтымақтастығының нәтижесінде қысқа мерзім ішінде балалары мен анасын Молдоваға қайтару үшін қажетті құжаттар рәсімделді. Отбасыны одан әрі құжаттандыру және оларға қажетті көмек көрсету мәселелері Молдованың Халықтық адвокатының (Омбудсмен) бақылауына алынды.

ПІКІР



Сергей ЕРШОВ, Сенат депутаты:

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУ КЕРЕК

— Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» халыққа Жолдауында жаңғырудың негізі болып табылатын адам капиталына баса назар аударды. Адам капиталын дамыту және ұлт әлеуетін арттыру үшін сапалы білім мен денсаулық сақтау ғана емес, мәдениет және идеология саласын одан әрі дамыту шаралары да бірге жүруі тиіс. Осыған байланысты мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынастарды жетілдіруге назар аударғым келеді. Мәдениетті дамыту, толеранттылық, бейбітшілік пен келісім идеологиясын бекемдеуде діндер мемлекетке кедергі келтірмей, көмектескені жөн. Сондықтан дін саласындағы кез келген бұддіргіш әрекеттен қорғауды қамтамасыз ету үшін жыл басында Үкімет «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын Парламентке жолдаған болатын. Заң жобасы мемлекет пен конфессияаралық қатынастар саласындағы заңнаманы жетілдіруге кешенді жұмыстарды жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі кезде дін халықтардың рухани құндылықтары мен мәдени қодын сақтауға жәрдемдесуде маңызды рөл атқарады. Сонымен бір уақытта адамның алдыңғы қатардағы білімді менгеруге, өз халқының тарихын зерделеуге және мәдениетті дамытуға ұмтылысына қарсылық білдірмейді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін менгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық қоғамымыздың идеялына айналуға тиіс» деген болатын. Сондықтан білімді және осы заманның көшіне ілескен әрбір

қазақстандық белгіленген санатқа барынша жақындауға тиіс деп ойлаймын.



Дархан ДҰЛМАНОВ, ҰҚК Төрағасының орынбасары, Шекара қызметінің директоры, генерал-майор:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ — ПАТРИОТИЗМ НЕГІЗІ

— Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына өзінің дәстүрлі Жолдауын арнады. Бұл — ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолындағы еліміздің 10 негізгі міндетін белгілеп берген бағдарламалық құжат.


Бағдарлама Төртінші өнеркәсіптік революцияның шеңберіндегі мемлекеттің дамуының айқын бағыттарын анықтаған.

Жаңа Жолдауда елімізді дамытуға қатысты барлық көкейкесті мәселелерді тәмтегілді шешетін жауаптар бар. Ел Президенті қазақстандықтарды цифрлы дәуірден қалмауға шақырып отыр. Президент Қазақстанды алдыңғы қатарлы елдердің қатарына шығаратын 10 негізгі міндетті белгілеп берді. Бұл — өзінің заманауи үлгідегі мемлекеттік институты, энергиялық тиімділік экономикасы, цифрлы технологиясы бар еліміздің жана келбеті.

Сондай-ақ мемлекет Басшысы Жолдауда азаматтардың назарын «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әрі қарай дамытуды іске асыруға шақырады. Елді дамытуда оның атқаратын рөлін асыра бағалау қиын, өйткені ол қазақстандық қоғамның идеологиялық басты жетістігі болуға шақыратын құдіретімен маңызды. Бағдарлама халықтың біртұтастығын, ұлтаралық келісімді, ұлттық құндылықты нығайтуға мүмкіндік береді. ҰҚК Шекара қызметінде биылғы оқу жылы «Рухани жаңғыру — патриотизм негізі» ұранымен өтетін болады.

Қазақстан Президенті өз Жолдауында көлік пен

ПІКІР



Төлегали БӨРІБАЕВ, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясының Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі:

ЦИФРЛЫ ЭКОНОМИКАҒА ҚАДАМ БАСТЫҚ

— Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекетіміздің 30 дамыған елдің қатарына қосылу жолындағы негізгі 10 қадамы атап көрсетілген. Солардың ішіндегі 7-қадамаға ерекше тоқталып өткен дұрыс деп санаймын. Онда Елбасы жаңғыртудың негізінде адами капиталдың жатқанын баса көрсеткен.

Адами капитал дегеніміз не? Ол — білім, денсаулық, ұлттың салауатты өмір сүруі, адамдардың моральдық этикалық тазалығы, тіл, дәстүр, салт, өнер, мәдениет ұғымдардың жиынтық көрінісі. Аталған саланың барлығының да адами капиталды дамытуға тікелей қатысы бар. Мемлекет бұл мәселелерге ерекше назар аударып отырғаны қуантарлық жағдай. Адами капитал — кез келген мемлекеттің экономикалық өрлеуі мен жарқын жетістіктерге қол жеткізуіне ықпал етуші негізгі фактор. Дамыған мемлекеттерде адами капиталға үлкен көлемде инвестиция салынады.

ПІКІР

Жалпы, қоғамды алға ілгерілетуші адами капиталдың дамуына баса назар аудару туралы осыған дейін де аз айтылған жок. Мемлекет басшысы жариялаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында осы мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Біз қазір цифрлы экономикаға қадам басып жатырмыз. Бұл салада бәсекеге қабілеттілігімізді қалыптастыру үшін дені сау, білімді ұрпақ керек. Сондықтан Жолдауда білім беру жүйесінде барлық азаматтарды қамтитын өзіміздің озық жүйемізді құру, саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту туралы ұсыныстарды әбден орынды деп санаймын. Алдымызда жаһандану заманында, тарих көшіне ілесе алатын, өзгерістерге қашанда дайын саналы да сапалы адамдарды тәрбиелеу мақсаты тұр. Жас ұрпақты жана білім салаларын үйренумен қатар, ұлттың рухани құндылықтарымен де сусындата білсек, Елбасы Жолдауында көрсетілген мәселелерді орындауға болады деп есептеймін.



Нұрдаулет ИСАБЕК, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің өнер, мәдениет және спорт институты директоры:

НАҚТЫ МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕМЕЛ ЖОЛЫ

— Елбасының биылғы жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» атты Жолдауын мемлекетіміздің әрбір азаматы үшін үлкен жауапкершілік пен оны іске асыру міндеті тұр. Отбасындағы бала тәрбиелеп отырған ата-анадан бастап, мектепке дейінгі білім беру, бастауыш, орта білім беру, жоғары оқу орнын мемлекетіміздің келешегіне жұмылдырудың нақты жолдары мен жоспарлары айқындалып көрсетілген.

Жолдаудағы нақты айтылған 10 басым бағыттың

ПІКІР

жетіншісі — білім беру саласы бойынша оны ақпараттандыру мен оларды шетелдік жетекші университеттермен, ғылыми орталықтармен, ірі кәсіпорындармен және трансултық корпорациялармен бірлесе отырып жүзеге асыратын жобалары жөнінде айтылды. Сол себепті, білім беру ісіне нақты әрі егжей-тегжейлі көңіл бөлмейінше, келешекте саяси-экономикалық, инновациялық бағытта дамуды мақсат қылып қою бекер деп ойлаймыз.

«Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет» деп көрсетілгендей, қазіргі таңда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде біраз ілкімді шаруа қолға алынуда. Елімізде қабылданған «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасы негізінде қазіргі кезде жоғары оқу орындары арасында алғашқылардың бірі болып университетті цифрландыру мен инновациялық технологияларды ендіру жолға қойылды. Бұл бастама тек оқу процесі ғана емес, университеттің барлық бөлімі мен құрылымының жұмысын, шетелмен байланыс салаларын 90 пайызға жеңілдетіп отыр. Сондай-ақ «Оқытушылардың қайта даярланып өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тарту» деген тармақтары ең алдымен ұстаз біліктілігін жетілдіруге ынталандыруға, өзін-өзі жетілдіруіне және де оқылудың үздік әдістерін кәсіби тұрғыда менгеруге ықпал етеді. Осы тұрғыда университет ұстаздарының алдында шет тілінде еркін дәріс беру, шетелдік университеттерден тағылымдамадан өту, ара-қашықтықта шетел студенттеріне дәріс өткізе білу сияқты бәсекеге төтеп беретін жаңаша талаптар қойылууда.

Осы орайда мемлекетіміз жастар мен болашақ мамандардың сапалы білім мен саналы ойын қалыптастыруды, сондай-ақ олардың заманауи жана мамандықтарға қол жеткізуіне мемлекетіміз барлық мүмкіншіліктерді жасап отырғандығын ерекше атап өтуіміз керек. Бұл — білім мен ғылым саласы мамандарына беріліп отырған нақты мүмкіндіктердің кемел жолы.

Қазақта «Көргені жақсы – көш бастар» деген сөз бар. Екі тізгін, бір шылбырды қолға алғалы Президент Нұрсұлтан Назарбаев өз елімізді өрге сүйреудің қамында жүр. Әсіресе, халықаралық деңгейде Тәуелсіз мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, жер жаһандағы кілең саясаттың майын ішкен майталмандар арасында қашан да бір иығы биік тұратын, мәмілеге келтіру, мәселе шешу, дiттеген мақсатына жету деген тұрғыда «қазақ деген елдің баласы» ұғымын ұлықтап келе жатқанына ел куә. Журналистика жолында жүргенімізге қырық жылдан асыпты. Еліміз Тәуелсіздік алғалы Елбасымыздың талай сапарына жолсерік ретінде әденеше рет ілесіппіз. Көзбен көргенді, көңілге түйгенді тағы да ойлы оқырман зердесіне ұсынудың реті келгендей.



Нұртөре ЖҮСІП

Қантардың 16-18 күні аралығында Елбасы Америкаға кезекті ресми сапарын жасады. Сапар аясында Мемлекет басшысы АҚШ президенті Дональд Трамппен және америкалық ресми әрі іскер топ өкілдерімен кездесті. Сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысты. Мемлекет басшысының АҚШ-қа ресми сапарына куә болуға тура келді. Бұл — Астана мен Вашингтон арасындағы стратегиялық әріптестікті жаңа мазмұнмен толықтырған, Қазақ елінің мәртебесін биікке көтерген, Алты алаштың баласына абырой болған тарихи сапар. АҚШ — әлемдік геосаясат,

САЯСАТҚА СӘН БЕРГЕН САПАР

геоэкономика және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде ешкімге кеуде бастырмай келе жатқан ел. Елбасымыздың кемел ақыл-парасаты, халықаралық зор беделінің арқасында АҚШ-пен өзара сенім мен достыққа, іскер әріптестікке негізделген стратегиялық қарым-қатынас орныққаны белгілі. Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ президенті Дональд Трамппен және осы елдің іскер топтарымен кездесуі жоғары деңгейде өтті. Екі ел арасындағы саяси қарым-қатынас пен стратегиялық серіктестік бұрынғыдан да күшейе түсетін болды. Мемлекет басшысының жеке тұлға ретінде көрегендігі мен сындарлы саясаткерлігі Қазақ елінің қарқынды дамуына қашан да ықпал етіп келеді. Алты құрлыққа әмірін жүргізіп отырған Американың оңай ел емес: ықыласы түссе, ынтымаққа әзір, қырына іліккендердің құтын қашыраар әлеуеті тағы бар, не дегенде де адам айнаға қалай қараса, айдай әлем де алдымен осы елге қарайды.

Қазақстан — АҚШ-пен стратегиялық әріптес. Айтуға оңай... Екі ел арасындағы қарым-қатынастың ә дегеннен, берік орнығуына Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың дәйекті дипломатиясы себеп болды. Алтайдың қызыл түлкісінің құйрығындай бұлған етіп, күніге жүз құбылып, жылына мың өзгеріп жатқан мына заманда азуы алты қарыс Американың тілін табу, қыбын аңдау, қимылын бағу мандайы жарқыраған небір саясаткердің қолынан келе бермейтінін көріп те жүрміз. Біздің Президент көкірегі аяққаптай алып елдің бір емес, бірнеше басшысымен бетпе-бет сөйлесіпті, сары масаның канат қағысындай сұңғыла саясаттың дірілін аңдапты, сес көрсетер, секем алдырап қалыпқа жеткізбепті. Бұл — үлкен өнер. АҚШ президенті Дональд Трамптың осыған дейінгі әртүрлі кездесулерін көріп те жүрміз: бірде Жапон премьерін қолынан жұлқыласа, енді бірде Меркельдің өзіне місе тұтпай қарағанын көргенбіз... Елбасымыздың жастайынан атқа отырып, тақымының берік болғаны — үлкен саясат орындығында да нық отыруға жетелегендей, Трамптың қолын соза бере жедел тартып алатын дағдысы бұл жолы «өтпей» қалды; Нұрсұлтан Назарбаев алақанын үстінен салды, Дональдтың дәрмені қалмады...

Әлемнің акбоз үйі — Вашингтондағы ордалы қонысында Дональд Трамп Қазақ елінің басшысын зор ықыласпен қарсы алды, кіреберіс табалдырықта Елбасымызды көрген бетте құшағын жайды, амандық-саулық сұрасқанда да ерекше ілтипат байқатты. «Жарты ғасырдан астам уақыт бойы АҚШ Қазақстанды қуатты, егемен, тәуелсіз ел ретінде, өзінің аса қымбат досы мен стратегиялық әріптесі есебінде қарастырумен келеді» деген Трамптың бір ауыз жылы сөзінің өзі неге тұрады?!

Осы сапарға елден ерек ықылас таныта қараған «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхам-

медтің «Әлемдік дипломатияда кездейсоқ ештеңе жоқ. Ендеше, Дональд Трамптың Қазақстан Президентінің сапарын 46 миллионнан астам жазылушысы бар twitter-дегі парақшасында елден бұрын өзі жарнамалауы, Елбасын Ақ үйдің алдына шығып, құшақ жая, құрақ ұша қарсы алып, зор сыйластық, ыстық ықыласпен кездесу өткізуі, Қазақ елі басшысының әр сөзіне басын шұлғып қоштап-қуаттап, ең соңында Ақ үйдің алдына дейін зор ілтипатпен шығарып салуы оның Елбасына деген ерекше құрметі мен айрықша сыйластығының белгісі. Елбасына құрмет — Қазақ еліне, қазақ халқына да құрметтің жарқын көрі-

нісі» — деген шынайы пікірінде шындық-тын белгісі жатыр.

КСРО тарқап, егемендік қолға тигенде тәуелсіз елдің шын тілеулесі — Америка болды. Қазақ-американ дипломатиясының бастау алар сәті тап сол тұсқа орайласты, 1991 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер Алматыда кездесті. «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет істеп жүрген кезіміз еді. Сол кездесуге де куә болған жайымыз бар. Бейкер мырза бекерге келмеді. 25 желтоқсанда Америка Қазақстанның егемендігін мойындады. Сол кездегі АҚШ

президенті Джордж Буш жас мемлекетті мойындау құжатына еш ойланбай қол қояды. Екі ел арасындағы дипломатиялық дөңкерлік мектебі де іле-шала ашылып, алпауыт мемлекетпен арадағы байланыстар тың арна тапты. 1992 жылы Алматыда АҚШ елшілігі ашылды.

Қазақстан үшін АҚШ тәрзіді халықаралық дәрежедегі деңгейі-беделі жоғары елмен қарым-қатынаста болу өте маңызды еді. Екі ел арасындағы байланыс 1991 жылы 25 желтоқсанда — АҚШ Қазақстан Рес-публикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныған кезден бастау алғанын айттық. Назарбаев 1992 жылы АҚШ-қа алғашқы

ресми сапарын жасады. Сол сапар барысында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Америка президенті Джордж Бушпен кездесті. Мемлекеттік хатшы Джеймс Бейкермен жүздесті. Екі ел арасындағы ресми қарым-қатынас, ортақ байланыстың бастауы сол тұстан үлкен қарқын алып, бүгінге дейін жоғары деңгейде сақталып келеді. Үлкен Джордж Буш, кіші Джордж Буш, Билл Клинтон, Барак Обама сияқты саясат санлақтарының әрқайсысымен жеке кездесіп, Қазақ елінің мәртебесін асқақтатқан сапарлардың көбісі елдің жадында. Дональд Трамп — Елбасы кездесіп отырған АҚШ-тың бесінші президенті. Бес бірдей тарихи тұлғаның тілін тауып, дегеніне көндіріп, айтқанына иеліктіру арғы-бергі заманда қай қазақ патшасының қолынан келді?! Осының өзі Нұрсұлтан Назарбаевқа деген халықтың шексіз құрметі мен ықыласын айғақтайтын дәлел емес пе?!

Жалпы, Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық беделі Тәуелсіздіктің елен-аланында-ақ зорайып шыға келді. Жарықтық, Абайдың жиырма бесінші қарасөзінде «Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» дейтұғын сөзі бар. Мемлекет басшысы — Абайды жақсы оқыған, зерттеген, зерделеген кісі. Он миллионнан асқан қазаққа «қазаққа күзетші болу» бақыты Нұрсұлтан Әбішұлының мандайына бұйырыпты.

Сол Абай бұл дүниенің баяны — орынды қарекетке байланысты екенін айттып кетіпті. Мемлекет басшысының осы кезге дейін жүргізіп келе жатқан саясатының бәрі — батыл бастама, орынды қарекет төңірегінен өрбиді. Әлемде тұңғыш мемлекет ретінде Қазақстан ядролық қарудан бас тартты. Естеріңізде болса керек: 90-жылдары Қазақ елінің қолында ядролық қару бар еді. Мемлекет еншісінде 1150 дана ядролық ракета болды. Қазақстан ядролық арсеналы жағынан әлемде төртінші орынды иемденіп тұрған болатын. Тап осы тұста, Президент Назарбаев саясаттың шаршы тақтасында ешкім күтпеген жүріс жасады. Ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Қазақстан 1992 жылы 20 мамырда Португалияның Лиссабон қаласында стратегиялық шабуыл қару-жарақтары туралы келісімнің тен құқылы жактарының бірі ретінде, ортақ хаттамаға қол қойып, ядролық қарусыз ел болуға міндеттеме алды. Қазақстан басшылығы ядролық қаруды бөлшектеу және пайдаға асыру барысында АҚШ мемлекетімен ынтымақтастық жасаудың маңызын жете түсінді. АҚШ-пен ұзақмерзімді және өзара тиімді ынтымақтастық жасау — ел егемендігінің саяси кепілі болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесі мінберінен Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық арсенал бойынша әлемдегі төртінші елден тартатпау жөніндегі қозғалыстың көшбасшысына айналды. Ядролық қарудан және ядролық держава мәртебесінен бас тарту біздің саналы әрі шынайы таңдауымыз және Қазақстанның барша халқы қоллап, әлемдік қоғамдастық лайықты бағасын берген ерікті қадамымыз болды» деп мәлімдеді.

Нұрсұлтан Назарбаев — әлемдік деңгейдегі мәмілегер. Саясаттың сүт бетіндегі қаймағын қалқып ішкен туабыт екенін тағы да дәлелдеді. Біздің Президентіміздің халықаралық мәмілегерлігі дүниежүзіндегі тыныштық пен тұрақтылыққа тың серпін беріп келеді. Өзара қырғи-қабақ болып қалған Ресей мен Түркияны татуластыруының өзі неге тұрады? Сергелденге түскен Сирия мәселесі, ұйымға батқан Украина бойынша келіссөздерде Астанаға қарап жалтақтайтындардың қатары артты. Айдай әлемге қайта-қайта кіжініп, ядролық қаруының бар екендігін айтып, сұсты сөс көрсетіп келе жатқан КХДР мәселелерін талқылау үшін Астана алаңын ұсынуға дайындығымызды да мәлімдеді.

Еліміздің бейбітшілікке толы бітімін, Елбасымыздың осы бағыттағы саясатын, бұл тараптағы үлгісі мен тәжірибесін елдің бәрі біледі. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық ету деген мәртебелі міндет қай елдің бағына бұйырыпты? Нұрсұлтан Әбішұлының саясаты қазақы қисынмен өрілген: қаншама қуғын-сүргінді, жойласыз қырып-жоюды көрген халқымыздың қалайтыны — бейбіт өмір; кез келген қиын жағдайда күллі әлемге бейбітшілік пен тұрақтылықтың керек екені анық; Президент парасаты тек қазақ елінде ғана емес, бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтаудың маңыздылығын аңғарталы; осы бағытта Елбасы қай кезеңде де өз үлгісін көрсетті. Тіпті «тынымсыз» Трамптың өзі біздің Елбасы тәрзіді әлемдік масштабтағы саясаткердің бәтуалы байламына зәру екенін аңғартып қалды. Сондықтан Америка, Еуропа, БҰҰ, тіпті бүкіл дүниежүзі бүгінде Қазақ елінің, қазақ басшысының не дейтініне ерекше ден қояды. Бұл — еліміздің арғы-бергі тарихында болмаған оқиға! Халқының болашағы үшін арпалысқан Абылай, Әбілқайыр, Кенесары хандардың іс-әрекеті осы күнгі биіктен қарағанда киіз үйдің көлеңкесінен аспағандай дейтіндер де бар... Кім білсін. Тәуелсіз Қазақ елінің басшысы елімізді дамудың жаңа сатысына шығарды, көк туымыздың биік желбіреуіне кезекті бір мүмкіндік жасады.

Қазақта «Ұлық болсан — кішік бол» деген де бір сөз бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесінде алғаш рет төрағалық еткен Қазақстанға қызыға қарайтын

ел көп. Жиынды ашқан Елбасы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің күн тәртібін белгілеп, отырысқа қатысқаны үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерришке, Польша Республикасының президенті Анджей Дудаға және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне мүше басқа да елдердің делегация басшыларына ризашылық білдірді. Адамдық кішіпейілдік танытты. «Президент Дуданы Польшаның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі қызметінің басталуымен құттықтаймын. Сонымен бірге, Котд'Ивуар, Кувейт, Перу және Экваторлық Гвинеяны да биыл Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуымен құттықтаймын. Жаһандық ұйымның осы маңызды органы аясында ынтымақтастық пен ықпалдастық танытып, бірлесе жемісті жұмыс істейміз деп үміттенемін», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Сыйласқанмен — сыйлас, сырласқанмен — сырлас» дегендей, БҰҰ-ның Бас хатшысы А.Гутерриш мырза Қазақстан Президентіне мәртебелі жиынға қатысқаны үшін алғысы айтты. Қазақстан Президентінің атқарған ұланғайыр еңбегін өте жоғары бағалады. «Қазақстан әрдайым ядролық қарудан азат әлем құруды және оны таратпау мәселесін қолдап келеді. Осы мәселеде көрегендік танытқан Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысымыз айтамын. Кенес 1992 жылы жаппай қырып-жою қаруларының халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке зияны жөнінде қарар қабылдаған болатын» деді Бас хатшы.

Польша президенті Анджей Дуда мырза былай деді: «Президент Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет ядролық қарудан бас тарту туралы шешімін жариялағанда, мұны мемлекет үшін жасалған таңдау екенін айтқаны есімде. Содан бері Қазақстан өзінің шешіміне берік екенін көрсетті. Жакында Қазақстанда төмен байытылған уран банкі ашылғанын атап өткім келеді. Бұл — ядролық қауіпсіздікті қолдау жолындағы маңызды қадам және бұл бейбітсүйгіш мемлекеттер арасындағы ашық қарым-қатынасты нығайтады».

АҚШ-қа жасаған ресми сапарының түйінді баспасөз мәслихатында Елбасы жекелеген елдер арасында да, жаһандық деңгейде де өзара сенімді арттыру мәселесінің орнықпай жатқанын айтты. — Сенім шаралары бүкіл адамзатқа жаңа жойқын соғыс қатері төнген XX ғасырдың екінші жартысында жаппай жойылу қаупінің алдын алу кезінде өзін-өзі ақтады. БҰҰ Жарғысында «Біздің басты міндетіміз — келер ұрпақты соғыс өртінен құтқару» деп жазылған. БҰҰ жүйесіндегі ширек ғасыр ішінде менің елім қарқынды даму жолынан өтті. Қазіргі таңда Қазақстан ядролық қауіпсіздік саласындағы барлық іргелі халықаралық келісімдердің қатысушысына айналды. Еліміз ядролық қаруы жоқ мемлекет ретіндегі мәртебемізді заңды түрде бекітті. Қазақстанның ядролық қарусыз жолы өзге елдерге үлгі әрі тәжірибе тұрғысынан көмек болар еді. Біз тәуелсіз ел болып, мемлекетімізді нығайттық. Ядролық қарудан бас тартып және ядролық державалардан шабуыл жасамау кепілдігін алдық. Осы ретте Солтүстік Корея басшылығын біздің жолымызбен жүруге шақырамыз, — дей келе Президент сөзін сабақтай түсті. — Еш мағынасы жоқ әрі арандатышылық туғызатын әскери блоктарға бөлінуді өткеннің үлесіне қалдыру керек. Дәл осы тұста, мемлекеттер арасындағы сенім аса қажет. Мен соғысқа қарсы жалпыәлемдік шаралар туралы көзқарасымды «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесімде білдірдім. Бұл құжатта БҰҰ-ның 100 жылдығы қарсаңында ядролық қарудан азат әлем құруға жағдай жасайтын іс-қимылдарды ұсынған едім.

Мемлекет басшысы кеңес мүшелеріне арнап мәлімдеме жасады. — Ұжымдық іс-қимылдан қуат алған әлемдік қоғамдастықтың сенімі, ерік-жігері мен ақыл-парасаты платенамыздың жаһандық апатқа ұшырауына жол бермейді деп сенемін. Кеңестің барлық мүше-мемлекеттеріне берік ынтымақтастығы үшін ризашылығымызді білдіремін, — деді Елбасы.

— Мен БҰҰ Бас ассамблеясының 47-сессиясының мінберінен Азиядағы қауіпсіздік пен сенім шаралары жөніндегі өңірлік құрылым құру жөнінде ұсыныс айтқан болатынмын. Тынымсыз дипломатиялық жұмыстың нәтижесінде бұл механизм құрылды. Қазіргі таңда Азиядағы өзара ықпалдастықтың және сенім шаралары кеңесі өңірдегі 26 мемлекетті біріктіріп, жемісті жұмыс істеуде. Ширек ғасырдан кейін БҰҰ ғимаратында Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі Қазақстан атынан сөз сөйлеп тұрмын. Бірақ жекелеген елдер арасында да, жаһандық деңгейде де өзара сенімді арттыру мәселесінің әлі де күрделі екенін және оның күннен-күнге өзекті бола түскенін айтуға мәжбүрмін, — деді Қазақстан Президенті.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі отырысының қорытындысы бойынша тарихи құжат БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі төрағасының өңірлік деңгейде превентивті дипломатия және шиеленісті болдырмау жөніндегі мәлімдемесі қабылданды.

Мұндай мәлімдеме БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тарихында саяси міндеттеме жүктейтін халықаралық акт ретінде тұңғыш рет қабылданғанын айта кеткен артықтық қылмайды.

(Жалғасы келесі санда)

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа сапары әлем назарын аударды. АҚШ президенті Дональд Трамп Елбасыны ерекше ілтипатпен қабылдап, айрықша қонақжайлылық танытты. Екі ел арасындағы ынтымақтастық, Қазақстан – АҚШ стратегиялық байланысы, экономикалық келісімдер туралы сарапшылар пікірі де жоғары. Сонымен, Ақ үйдегі кездесу туралы сарапшылар пікірі қандай?



Ариэль КОЭН,
Атлант кеңесінің жоғарғы ғылыми қызметкері:

— БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері Солтүстік Корея тарапынан туындаған ядролық қару қаупін тоқтатуды күн тәртібіндегі бірінші кезекте тұрған мәселе көреді. Бұл жерде Қазақстанның ядролық қаруды таратпау және бас тарту жөніндегі өзіндік тәжірибесі, Президент Н.Назарбаевтың АҚШ-қа арнайы сапары, БҰҰ шеңберінде жаппай қырып-жою қаруын таратпау тақырыбында сессия бастауы АҚШ пен Солтүстік Кореяға және бүкіл әлемге үлгі бола алады. Қазақстанның әлем мемлекеттері алдына ұсынатын талқылаулары ядролық қарудан бөлек, Орталық Азиядағы өңірлік байланыстар, Ауғанстан мен Таяу Шығыс мәселелері сияқты өзекті тақырыптарды қамтиды. Өзінің қолындағы ядролық қаруынан бас тарту арқылы Ұлттық экономикасының жетекші салаларына көп көлемде инвестиция тартқан Қазақстан 2017 жылдың тамызында аз байытылған уран банкің ашты. Енді әлем мемлекеттері уранды электр энергиясын өндіру сияқты бейбіт мақсатта пайдалану үшін МАГАТЭ-нің қадағалауымен Астанадағы аз байытылған уран банкіне жүгіне алады. Бұл Қазақстанның өзінің ядролық қару әлеуеті болмаса да, осы салада жетекші рөлін сақтап қалуына мүмкіндік беріп отыр.



Элис УЭЛЛIS,
АҚШ-тың Оңтүстік және Орталық Азия бойынша мемлекеттік хатшысының көмекшісі:

— АҚШ пен Қазақстанды мұнай ғана байланыстырмайды. Кос ел басшыларының кездесуі барысында экономикадан бөлек, бірқатар маңызды әлемдік мәселелер талқыланды. Олардың қатарында жаһандық ядролық қару мәселесі, Орталық Азиядағы өңірлік тұрақтылық сияқты маңызды тақырыптар бар.



Люк КОФФИ,
Сыртқы саясат мәселелері бойынша зерттеуші:

— Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен АҚШ президенті мамыр айында Сауд Арабиясындағы кездесулерінен кейін бірінші рет арнайы бас қосып отыр. АҚШ Қазақстанның стратегиялық маңызын түсіне тұра, бірнеше жыл бойы оған көңіл бөлу мүмкіндігін жіберіп алды. Сондықтан бұл кездесу — Дональд Трамптың Орталық Азияның геосаяси орны, ресурстық әлеуеті, транзиттік мүмкіндіктері сияқты шешуші факторлар бойынша қызығушылығын білдіруге жақсы мүмкіндік. Жалпы, Орталық Азия — АҚШ-тың энергетика, Қытай, Ресей, экстремизм сияқты сыртқы саясатындағы маңызды нүктелер тоғысатын аумақ. Бұл тұста Америка Қазақстанды назардан тыс қалдыра алмайды. 1991 жылдан бері бірде-бір АҚШ президенті Орталық Азияға ресми сапармен барған емес. Сондықтан да Н.Назарбаевтың арнайы сапарынан соң, АҚШ-тың мемлекет басшысы да Қазақстанға ат басын бұруы керек.



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан халықаралық қатынастар кеңесінің төрағасы:

— Ақ үйдегі Қазақстан мен АҚШ Президенттерінің кездесуі өте жоғары деңгейде өтті деуге толық негіз бар. Себебі, өз көзімен көріп, жеке бақылағаннан кейін көптеген жайтқа назар аударуға мүмкіндік болды. Сондықтан болар АҚШ Президенті Дональд Трамптың Нұрсұлтан Назарбаевты айрықша ықыласпен дайындалып, күткені бірден көзге түсті. Ақ үй алдынан өзі қарсы алып, ұзақ амандасып, Ақ үйдің негізгі бөлмесіне алып баруы, сол жерде бүкіл тілшілердің алдында Елбасымызға бірнеше мәрте «Аса қадірлі Президент» деп сөз арнауының өзі қасымызда болған америкалық журналистердің таңданысын тудырды. Олар «Трамп сіздердің басшыларыңызға айрықша ілтипат білдіргізі келіп тұр» деп пікірлерімен бөлісті. Шындығында да, бұл жайт анық байқалды.

Америкалық саясаттың мұндай әрекетіне көпшілік үйреніп те кеткендей. Жайбаракат қарайды. Бұл жолы Ақ үй басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуі барысында қандай да бір тосын мәселе көтеріп, айтқан емес. Керісінше, кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаевқа қайта-қайта құрмет көрсетіп, Қазақстанның өз дамуында орасан зор жетістіктерге қол жеткізгендігін мойындап, оны жоғары бағалайтынын айтып отырды. Осы жайт америкалық тараптың Қазақстан Президенті сапарына жоғары дайындық жүргізгенін, бұл сапар тек біз үшін ғана емес, сонымен қатар олар үшін де өте жоғары маңызға ие болғанын аңғаруға болады.

Себебі, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының басшысы болумен қатар бірнеше мәртебеге ие болды. Яғни, Орталық Азия аймағының, посткеңестік мемлекеттердің, мұсылман елдерінің өкілі, әлемдегі ықпалды мемлекеттің басшысы ретінде кездесуге келгені және АҚШ-тың Қазақстанның аймақтық және жалпы халықаралық процестердегі атқарып отырған рөлімен санасатындығы байқалды.

Бұл — шынымен де үлкен маңызды нәтиже. Ол — АҚШ-тың Қазақстанның ерекше рөлін мойындағаны, Қазақстанның аймақтық, халықаралық процестердегі ықпалының артқанының дәлелі. Сонымен қатар еліміздің сыртқы саяси, геосаяси салмағын да арттырады. Қанша дегенмен АҚШ әлемдегі супердержава, әлемдегі №1 экономика. Демек, осындай кездесулер еліміздің басқа мемлекеттер алдындағы беделін, мәртебесін жоғарылататындығы сөзсіз. Бұл кездесу екі ел арасындағы саяси, экономикалық байланыстардың одан ары дамуына серпін берері анық. Сол себепті, бұл кездесу ерекше, тарихи маңызы бар жүздесу болды. Елбасының АҚШ-қа сапарының орасан зор нәтижелі болғанын, сапардың негізгі мақсаттарының жүзеге асқанын, тіпті біз күткен, болжаған мақсаттардан асып түскенін көріп отырмыз.



Өліс КӘУКЕНОВ,
Қытай зерттеу орталығының директоры:

— Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас стратегиялық сипат алғанын баса айта кеткен жөн. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа сапары халықаралық бақылаушылар, сарапшылар және БАҚ өкілдері тарапынан қызығушылық тудырғаны рас. Қазақстан — АҚШ үшін Орталық Азиядағы жетекші әріптестердің бірі. Өте жемісті кездесу болды. Екі арада бірқатар экономикалық келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды. Бір айта кететіні, Дональд Трамп Елбасын алғаш рет өзі қабылдай отырып, Қазақстанға қызығушылығы бар екенін, Аме-

рика әкімшілігі үшін стратегиялық серіктестіктің маңызын көрсетті. Кездесу барысында Дональд Трамптың Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға келуі мүмкін екені де айтылды. Осыған дейін АҚШ-тың ешқандай президенті Орталық Азияға келмегенін айта кеткен жөн. Кездесу кезінде Астана сыртқы саяси белсенділігін көрсетті. Сириядағы жағдай бойынша өткізілген Астана саммиті тарихқа Сирия қалыңысын реттеудегі маңызды құрал ретінде енді. Қазір Астана Солтүстік Кореядағы дағдарысты шешу алаңы болуға дайын екендігін көрсетті.

Әлемдік қауіпсіздік туралы сөз етсек, АҚШ — алпауыт әскери держава. Қазақстан — Орталық Азиядағы маңызды ойыншы. Астана саммиті, ОБСЕ саммиті сияқты маңызды шаралардың өзінен-ақ, Қазақстанның халықаралық

қарым-қатынастарда үлкен жауапкершілік танытып, барлық аймақта қауіпсіздікті сақтауға атсалысатынын аңғару қиын емес. Бұл тұрғыда Қазақстан мен АҚШ-тың мүдделері сәйкеседі. АҚШ Қазақстанның талпыныстарына жақсы баға береді. АҚШ пен Қазақстан арасындағы байланыс — тиімді әрі прагматикалық саясат. Әлемдік қауіпсіздікті сақтауды бір ғана мемлекет күшімен шешу мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан екі ел арасындағы байланыс жағымды әсер береді. Сапар барысында Елбасы Қазақстан бейбітшілік орнату жолындағы белсенділігін одан ары жалғастыратынын атап өтті. Вашингтонның бұған жақсы көзқараспен қарауы — еліміздің атқарып жатқан жұмыстары халықаралық ұйымдар мен АҚШ тарапынан оң бағаланып отырғанын көрсетеді.



ВАШИНГТОН САПАРЫ: САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?



Рахым ОШАКБАЕВ,
«Талап» қолданбалы зерттеу орталығының басшысы:

— Елбасының АҚШ-қа сапарының басты мақсаты — екіжақты қарым-қатынасты нығайту, Қазақстан пен АҚШ арасындағы іс-қимылдарды тереңдету, кеңейту. Қазақстан президенті өз сөзінде мұндағы мақсат екі ел арасындағы қарым-қатынасты тереңдете отырып, кең стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеру екенін баса айтқан болатын. Кездесу барысында аймақтық қауіпсіздікті сақтауда Қазақстанның тигізген үлесі айтылды. АҚШ Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақсыз мүшесі болғанын қолдады. Сонымен қоса Орталық Азия елдері мен АҚШ арасында «C5+1» — жаңа диалог форматы ретінде тілге тиек етілді.

Елбасы Қазақстан АҚШ және Ресеймен стратегиялық әріптес болғандықтан, осы екі ел арасындағы қарым-қатынасқа алаңдаулы екенін алға тартты. Сонымен қоса АҚШ пен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыс та назардан тыс қалмады. Америка сауда палатасымен, Экспорт әлеуетін арттыру агенттігімен кездесулер өтті. 7 млрд АҚШ доллар көлемінде келісімшарттар пен протоколдар толтырылды. Тағы бір айрықша атап өтер жайт, Дональд Трамп Елбасын үлкен құрметпен қарсы алып, өзінің жеке твиттерінде «Қазақстан президентін қабылдау — мен үшін зор құрмет болды» деп жазған. Сондай-ақ Елбасы Қазақстан өзге елдерді ядролық қарудан бас тартуға үгіттеуге құқылы екенін атап өтті. Бұл сапардың маңызы зор.

КЕРЕК-ДЕРЕК:

26 желтоқсан 1991 жыл
7 қаңтар 1992 жыл
15 қыркүйек 1992 жыл
30 қазан 1992 жыл
14 желтоқсан 2009 жыл

21 қаңтар 2010 жыл

2015 жылдың 18 наурызынан

2017 жылдың 15 ақпанынан

— АҚШ Қазақстанның тәуелсіздігін таныды
— дипломатиялық қарым-қатынас орнады
— Қазақстандағы АҚШ елшілігі ашылды
— АҚШ-та Қазақстанның елшілігі ашылды
— Алматыда АҚШ-тың

Бас консулдығы ашылды
— Нью-Йоркте Қазақстанның Бас консулдығы ашылды
— Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың елшісі Дж. Кролл
— АҚШ-тағы Қазақстанның елшісі Е. Қазыханов

25 жыл ішінде 70-тен астам мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық келісімшартқа қол қойылған.



Тимур ШАЙМЕРГЕНОВ,
Сыртқы істер министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес мүшесі:

— Қазақстан мен АҚШ арасындағы саяси диалог — стратегиялық сипатқа ие. Елдеріміз 26 жылдан астам уақыттан бері тек экономика мен энергетика салаларында ғана емес, сонымен бірге халықаралық қауіпсіздікте де тиімді ынтымақтастық орнатқан. Астана — әлемдегі ядролық қаруды таратпау және тиісті келісім режимін сақтау саласындағы Вашингтонның сенімді серіктесі. Бүгінгі таңда біздің елдер Ауғанстандағы жанжалдан кейінгі жағдайды — БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі деңгейінде және АҚШ-тың жаңа ауған стратегиясы аясында тиімді шешімді табуға тырысуда. Бұл екі мәселе алдағы бірнеше жылда қарым-қатынасымызды біріктіретін күн тәртібін құрайды. Осылайша, елдеріміз халықаралық қауіпсіздік мәселелерін шешуге сындарлы көзқарас танытады.

Бұл сапар — екіжақты қарым-қатынастар аясында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа жасаған 12 жыл ішіндегі алғашқы сапары. Осы жылға дейін Мемлекет басшысы көпжақты кездесулерге қатысу үшін АҚШ-қа келді. Екі ел кеңейтілген стратегиялық серіктестікте өз позицияларын тұрақты түрде арттырып келеді. Атап айтқанда, Қазақстан екіжақты қарым-қатынастарды, сауда және қауіпсіздік мәселелерін шешуге тырысады. Мысалы, еліміз үшін үшінші модернизациялау бағдарламасын жүзеге асыру және әлемдегі ең дамыған 30 елдің ұзақмерзімді мүшелігін іске асыру үшін қажетті технологиялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту маңызды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Вашингтонға сапары елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне негіз қалайды.



Шавкат САБИРОВ:
«Қазақстан Интернет Ассоциациясы» ЗТБ президенті:

— Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасында «екінші тыныс» ашылды десек те болады. Мемлекет басшысының бұл жолғы сапары екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа белеске шығарып қана қойған жоқ, сонымен бірге, Қазақстан нағыз шынайы бітімгер елге айналғанын көрсетті. Қазақстанның арқасында Түркия мен Ресей арасындағы «дағдарыс» оң шешімін тапты, Сирия дағдарысын тұрақтандырудағы Астананың талпыныстары бұрыннан белгілі.

Ең алдымен, Мемлекет басшысының іссапары тікелей Қазақстан мен АҚШ-тың екіжақты қарым-қатынасына қан жүгіртті. Ақ үйдегі кездесу, келіссөздер, бірлескен брифинг — екі ел қарым-қатынасының маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. АҚШ — еліміз үшін ірі инвесторлардың бірі. Сол себепті де, әріптестікті сақтау және еселей түсу — маңызды шешім. Сонымен бірге, соңғы он жыл ауған түйінінің де шешімі созылып кетті. Ауған процесіне қатысымыз болмаса да, жағдайды шешу және әскери іс-әрекетті тоқтату үшін Қазақстанның араласуы аса қажет. Бірақ Орталық Азиядағы ірі мемлекет ретінде бұл бағытта белсенді қарым-қатынас ұстану және маңызды шешім шығару қажет.

Елбасының ядролық қарусыз әлем орнату туралы бастамасы баршаға мәлім. Бұл шешім Корей түбегіндегі тұтанғалы тұрған жанжалды басуда да маңызды қадам болып отыр. Қазақстан өз үлгісінде ядролық қарудан бас тарта отырып, халықаралық процестің маңызды ойыншысы болуға болатынын көрсетеді. Ядролық қаруды ұстанатын топтардың көбеюі әлемдік қоғамдастықты алаңдатып отыр. Сондықтан Солтүстік Корея дағдарысын Ресей, ҚХР және АҚШ мемлекеттерінің қатысуымен реттеуге болады.

Қазақстан — ротациялық негізде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы. Жарты ай ішінде еліміз БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде жаңа және пайдалы жұмыстар атқарды. Соңғы жеті жыл ішінде алғаш рет БҰҰ ҚК барлық мүшелері Ауғанстанда болды. Қазақстан төрағалық ететін Қауіпсіздік Кеңесінің комитеттері (ИГИЛ-ДАИШ, Ауғанстан және Эритрейин/Сомали комитеті) аясында түрлі шаралар өткізілді. Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысы арқылы әлемдік қоғамдастық алдында Қазақстан бүкіл Азия-Тынық мұхиты аймағының өкілі екенін көрсетеді. Сондықтан да бұл аймақтың мәселесін шешуде көп уақыт бөлуге тура келеді.

Тағы бір дүние — Дональд Трамптың «бірегей» тұлға екені баршаға белгілі, алайда Елбасымен кездесуде ерекше құрмет пен ізеттілік көрсеткеніне назар аударуымыз керек. Сонымен бірге, Президентіміздің еркін, қарапайым қарым-қатынас жасауы ресми тұлғалар мен БАҚ өкілдерін ғана емес, қарапайым тұлғаларды да тәнті етті.

Жолдау ел дамуына жол ашады

«Нұр Отан» партиясының Қарағанды облыстық филиалы ұйымдастырған «Мирас» өңірлік кеңесі отырысында Елбасы Жолдауы талқыланды.

Кеңес жұмысы мәдениетті және өнерді дамыту, қоғамда бірлік пен келісімді нығайту, тіл саясатын орындау мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясаттың салаларын талқылауға, ұсынымдарды қабылдауға бағытталған.

Іс-шара барысында қатысушылар — қоғамдық пікір көшбасшылары, облыстық мәслихаттың депутаттары, қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының профессорлары, мемлекеттік органдардың, ҰЕҰ-дың басшылары Президент кітабының мәнін, маңыздылығын, Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын талқылады.

— Кітапта Елбасы еліміздің жаңа тарихы мен болашағы туралы көзқарасы, көрсеткен. Онда «Қазақстандық модель»



дамуының, оның эволюциясы, негізгі қағидалары, механизмдері және қозғаушы күштері туралы айтылған. Кітапта Қазақстанды жаңғыртудың үш толқынын қарастыру мәселесіне баса назар аударылған, — деді аймақтық «Мирас»

кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбеков.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қадияша Оспанованың айтуынша «Кітапта Елбасының Жолдауымен

байланысты — жаңа технологияларды, төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін енгізудің маңызды басымдықтары белгіленген».

Кездесуге қатысушылар Жолдаудағы ауыл шаруашылығын қолдау, көлік-логистикалық инфрақұрылымын жаңғырту бойынша міндеттердің стратегиялық маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар мемлекеттік саясатты іске асырудағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ерекше рөлі туралы айтылды. «Бұл бағдарлама — ел дамуының идеологиялық негізі. Бағдарлама негізгі құндылықтарды — халықтың бірлігін, тарихы мен мәдениетін және болашаққа ұмтылуды насихаттайды» деп атап өтті облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының басшысы Ерлан Құсайын.

Жалпы, кездесу белсенді диалог форматында өтті. Іс-шара нәтижесінде, кенестің 2018 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасы ұсынылды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

«Нұр Отан» партиясы Сарыағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен жастарды кәсіпкерлікке баулу аясында аудандағы ауылшаруашылық саласындағы белсенді кәсіпкерлердің басын қосқан жиын өтті. Оған аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімдерінің басшылары Б.Сапарбаев пен Н.Төліпов, аудандық кәсіпкерлік палатасының директоры М.Толманов, аудандық жастар орталығының директоры А.Арзықұлова және кәсіпкерлікпен айналысуға ниеті бар жастар қатысты.

Жетістіктерімен бөлісті



Шара барысында «Сарыағаш бау» ЖШС директоры Қайрат Жүсіпов, «Ақжар-МБ» АӨК басшысы А.Жұмасай, «Сарыағаш Жер сыйы» ЖШС директоры Т.Шынтасов, «Келес өңірі» АӨК басшысы М.Көлбаев және «Ер Кабыл» ШК басшысы Е.Есбергенов ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы тәжірибелерімен бөлісті.

Жиында сөз алған «Сарыағаш Жер сыйы» ЖШС басшысы Т.Шынтасов серіктестікте 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылғанын атап өтті. Жұмысшылар түрлі жеміс-жидек көшеттерін егеді. Қазіргі таңда шаруа қожалығының көшеттері Қазақстанның барлық өңірлеріне және көршілес мемлекеттерге экспортталуда. «Ақжар-МБ» АӨК басшысы А.Жұмасай Ақжар елдімекенінде мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдікпен 10 млн теңге несие алып, сүт қабылдау бекетін ашқанын атап өтті. Аталған қаржыға 40 ірі қара мал сатып алған. Шаруа қожалығы қазіргі кезде

тәулігіне 200 литр сүт өндіріп жатыр. Келешекте 1,5 тонна сүт өңдеу жоспарланған. «Келес өңірі» АӨК басшысы М.Көлбаев болса, бүгінде кооперативтегі 61 мүше бірігіп, өткен жылы мемлекеттік бағдарламамен 202 млн теңге несие алған. Оған мал сою, ет өндіру бекетін ашыпты.

2016 жылдан бастап 50 гектар жерге алама көшеттерін отырғызып, ауылшаруашылық дақылдарын өндірумен айналысып келе жатқанын айтқан «Сарыағаш бау» ЖШС басшысы Қайрат Жүсіпов бұдан бұрын Сарыағаш қаласында құрылыс заттар дүкендерін ашып, сауда-әтиятқ саласында еңбек еткенін де атап өтті. Бүгінгі таңда Қ.Жүсіпов 30 азаматты тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпкерлік бастамаларымен, жетістіктерімен бөліскен шаруалар жиналғандардың сұрақтарына да тиянақты жауап берді.

Е. МҰРАТБЕК, Оңтүстік Қазақстан облысы

Ардагер айтар әңгіме көп

«Нұр Отан» партиясының Индер аудандық «Жас Отан» Жастар қанатының мүшелері соғыс ардагері Жұмабай Жұмашевпен кездесті.

Тұрсын ҚАЛИМОВА

Атырау облысы

Жүздесуде Екінші дүниежүзілік соғыста оқ пен оттың арасынан елге аман келген ардагердің жастарға айтар аманаты мен батасы қатар өрілді.

Еліміздегі жағдайдан күнделікті хабардар болып отыратын ардагер өзін іздеп келген жастарға «Жастар, Отанды сүйіңдер. Бірлікті сақтаңдар. Елбасы бағыт сілтеген жолдан таймаңдар. Бейбіт өмірдің қадірін біліңдер. Қазақстанның беделін арттыруға үлес қосып, еліміздің әлем елдері алдында абыройы асқақ болуына еңбектеніңдер.



Жуырда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ президентімен кездесуі елімізді әлемдік қауымдастық алдында тағы бір мойындатты. Әлем назарын аударған оқиға жалғасын тауып, еліміздің жақсы аты шыға берсін.

Елдің болашағы сендерсіңдер, жастар», — деген Жұмабай ата батасын беріп, өз өмірінен әңгіме өрбітті.

1925 жылы бұрынғы Гурьев облысының Есбол ауданына қарасты Құрылыс ауылында дүниеге келген

«Нұр Отан» партиясының Кербұлақ аудандық филиалы жанындағы Саяси кеңес бюросының кезекті отырысына аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелері, партия белсенділері, бөлім басшылары және «Жас Отан» Жастар қанатының өкілдері қатысты.

Жұмыспен қамтылды



Жиында «Нұр Отан» партиясы Кербұлақ аудандық филиалы Саяси кеңес бюросының 2018 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланып, ол Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауынан туындайтын маңызды міндеттерге бағытталған іс-шаралармен толықтырылды.

Аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелерінің партиялық қоғамдық қабылдау кестесі бекітіліп, депутаттық фракцияның, «Нұр Отан» партиясы филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің, партиялық ішкі бақылау комиссиясының 2018 жылға арналған жұмыс жоспарлары келісілді.

Аудандық жұмыспен қамту орталығы басшысының ауданда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың барысы туралы есебі тыңдалды.

Аталған бағдарлама аясындағы жұмыстарға 1629 адам қамтылып, олар

тұрақты жұмысқа, әлеуметтік жұмыс орындарына, ақылы қоғамдық жұмыстарға орналастырылып, оқуға жіберілген. Оның ішінде 251 адам қысқа мерзімдік кәсіптік оқудан өткеннен соң еңбекпен қамтылыпты.

Ауданда жұмыссыздыққа қарсы шаралар тұрақты әрі нәтижелі жүзеге асырылуда. Бұл бағытта партиялық «Сәтті қадам» жобасының ықпалы зор екенін де айта кеткен жөн.

Кербұлақ аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж.Бозымбеков бюро отырысын қорытындылай келе, бүгінде ішкі және сыртқы интеграциялық байланыстардың күрделене түсуінен, қоғам тынысының жан-жақты дамуынан туындайтын талаптар партия жұмысын жаңғыртуды қажет ететіндігіне тоқталды. Үлкен үміт күттіретін жаңғырту үрдісіне әрбір партия мүшесі жоғары жауапкершілікпен атсалысып, белсенділік танытуы қажеттігін ескертті.

Бюро отырысына енгізілген мәселелер толығымен қаралып, қаулы бірауыздан қабылданды.

Болат АБАҒАН, Алматы облысы

Жаңғырудың жаңа қадамы

«Нұр Отан» партиясының Атырау облыстық филиалы жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

Тұрсын ҚАЛИМОВА

Атырау облысы

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауын талқылау бойынша өткен кеңесте Атырау облыстық мәслихатының хатшысы, аймақтық кеңес төрағасы Өмірзақ Зинуллин: «Елбасымыздың Жолдауында елімізді саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани

жаңғыртудың 10 басым бағыты айқын белгіленген. Біздің ендігі міндетіміз — әрбір қазақстандықтың өміріне, денсаулығы мен тұрмысына деген Елбасы қамқорлығынан тұратын Жолдаудың мазмұнын барша халыққа жеткізу.

Жолдау еліміздің одан ары саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани жаңғырту жөніндегі бастамаларын жүйелейді. Он бағыт бойынша нақты тапсырмалар беріліп, негізгі басымдығы адамға, оның денсаулығы мен игілігіне байланысты белгіленген. Бұл тапсырмаларды еліміздің әрбір азаматына жеткізу қажет. Жолдаудың ерекшелігі — халқымыздың әлеуметтік мәселелерін жетілдіру, адам капиталын дамыту терең, мұқият қарастырылғандығында. Мемлекет басшысының қоғамдық сананы жаңғыртуға

бағытталған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын одан ары іске асыру Жолдауда ерекше назарға алынған», — делі.

Партияның Атырау облыстық филиалы төрағасының орынбасары Бақберген Қарабаев, Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Атырау-Ақпарат» ЖШС-ның директоры Баяз Өблешев, Ғабдол Сланов атындағы облыстық ғылыми - әмбебап кітапхана басшысы Сара Ізмұхамбетова Елбасы Жолдауындағы 10 бағыттың ел дамуы үшін маңыздылығына тоқталды.

Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры Маржан Әнесқызы:

— Әлемдік өркениетке жетудің бірден-бір жолы — терең білімділікте екенін үнемі



топтастырылған «Естелік кітабын» шығару, «Таза көше», «Таза ауыл», «Тал күні» акцияларын өткізу жоспарланғандығы туралы айтты. Оны іске асыру үшін ауылдық округте жұмыс тобы құрылып, оған жергілікті ақсақалдар қауымы, тарихшылар, белсенділер кіріп, ауылдық округтің, ауылдың шежіресі, тарихи орындар зерттеліп, жергілікті танымал тұлғалар бойынша толық мәлімет жинақтау жұмыстары жүргізіліп жатқанын да тілге тиек етті.

— Бүгінгі ұрпақ әр саладан хабардар бола отырып, өз мақсатына жетуге, білім

алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әрнәрсені ұтымды пайдалана білуі шарт. Біздің болмысымызға тән ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдікті орынды пайдалана білу — біздің өз бейнемізді танытады, мінезіміз бен мәдениетімізден хабарлар етеді. Ұлттық код сипатындағы ең ізгі белгілер мен игі қасиеттерді сақтай білу — біздің ортақ парызымыз.

Ойтузер мақаланың таяу жылдардағы міндеттерінің бірі — қазақ әліпбиін латын

карпіне көшіру. Қазір әлемнің 112 мемлекеті латын әліпбиін пайдаланады деген дерек бар. Кеңес Одағының түркі тілдес мемлекеттері ішінде екі-ақ ел — Қазақстан мен Қырғызстан кириллица аясында қалып отыр, — деді бастауыш партия ұйымының төрағасы.

Әлемдік жаһандану өз занымен жүріп жатыр. Енді Қазақстан өз қазанын өзі қайнатып отыра алмайды. Өйткені әлемдік бәсекеге түсті. Тұрақты, қалыпты экономикасы бар мемлекеттердің қатарына кірді.


Латын әліпбиі арқылы қазақша мәтінді кез келген мемлекеттің азаматы оқи алады. Сондықтан латын әліпбиі — заманың сұранысы, жаһандану талабы, уақыт талабы. Латын әліпбиі мемлекеттік тілді дамытуға ғана қызмет етіп қоймай, оны әлемдік қоғамдастық қажет еткен заманауи ақпарат тіліне айналдырады деген пікір білдірді қатысушылар.

Жиын барысында жарысөзге шыққан жерлестердің ой-пікірі бір арнадан тоғысты. Жиналыстан кейін іс-шаралар жоспары, оны орындайтын жауапты адамдар бекітілді.

Назгүл ҚОЖАНБАЙ

ЖАНАЗЫҚ

ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМАЛАР НӘТИЖЕСІ



Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының ең басты 33 нәтижесінің 17-тармақшасы ядролық қарудан бас тарту және өзге де еліміз үшін елеулі бастамаларына арналған.

Нұрсұлу МЫРЗАХМЕТ

Расымен, бүгінде Қазақстан — халықаралық аренада өз орнын тапқан, беделі бар мемлекет. Қазақстан — ядролық қарусыздану мәселесінде бүкіл әлемге үлгі көрсеткен бірден-бір ел. Елбасының Жарлығымен 1991 жылдың тамызында Семей ядролық полигонын жабу — еліміз үшін айтулы шешім болды. Ол туралы кітапта былай баяндалады: «Аумағымыз Семей сынақ полигоны, мұраға қалған кенестік қару-жарак тәуелсіз республиканың меншігіне өткеннен кейін, бізге үлкен таңдау жасау қажет болды. Бөске ұзақмерзімді ұлттық қауіпсіздік тігілді. Таразының бір басында, өзіміздің әскери қуатымыздың ресурсы ретінде ядролық

«ҚАЗАҚСТАН ЗОР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛГЕ ИЕ БОЛДЫ. БҰЛ – ПРЕЗИДЕНТ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАБАНДЫ БЕЙІБТ САЯСАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН БАС ТАРТУ, ЕУРАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҒЫН, ШАНХАЙ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫН, АЗИЯДАҒЫ СЕНІМДІЛІК ШАРАЛАРЫ КЕҢЕСІН ҚҰРУ СИЯҚТЫ САН ТҮРЛІ ҒАЛАМДЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ НӘТИЖЕСІ»

әрекетті сақтап қалу, ал екінші басында өзіміз үшін ядролық қарусыз болашақ таңдап, одан бас тарту арқылы бүкіл жер жүзіне біздің мақсатымыз күшімізді қару-жарак жинаумен дәлелдеу емес екенін көрсету тұрды», — делінген.

1995 жылы Қазақстан аймағындағы ядролық қару толық жойылды және баллистикалық зымырандардың шахтадағы қондырғылары да жойылды.

Өткен жылы АҚШ астанасы Вашингтонда өтіп жатқан ядролық қауіпсіздік жөніндегі төртінші саммит шеңберінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі жарияланған болатын. Бұл ретте Елбасымыз «Соғыста жаппай қырып-жоютын қарулар — ядролық, химиялық, биологиялық және ғылым жетістігі негізінде ойлап табылатын басқа да кез келген қару түрлерін қолданудан қашып құтылу мүмкін болмайды. Бұл бүкіл адамзаттың қырылуына алып келеді. Жаппай қырып-жоютын жаңа қару түрлерін жасау үшін ғылыми жаңалықтарды пайдалануға тыйым салатын халықаралық құжат әзірлеп, оны орындауды міндеттеу маңызды» деп орынды ұсыныс білдірді.

Қазақстан Президентінің мақаласында: «Жері ядролық қару сынау үшін полигон ретінде пайдаланылған, 500



ядролық сынақтың нәтижесінде бір жарым миллионнан астам азаматы мен ауқымды территориясы радиацияға ұшыраған еліміздің тарихи тәжірибесі бізді қауіпсіздікті басқаша түсінуге алып келді. Қару және ядролық материалдар қорын жою өңірімізге қауіпсіздік пен тұрақтылық әкелді. Алайда әлдеқайда берік қауіпсіздік барлық тараптың өзара қауіпсіздігіне бағытталған құрылымдар арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Ядролық қару бұдан былай Орталық Азияда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету факторы болып саналмайды» деп көрсетілген.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі елімізде небір тағдыршешті бастамалар жүзеге асып, нәтиже бере бастады.

Мәселен, бытыр күзде ғана Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске 25 жыл толды. Оны құру идеясын 1992 жылы БҰҰ-ның 47-сессиясында Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған болатын. Қазіргі таңда кеңеске әлемнің 26 мемлекеті, 9 байқаушы мемлекет пен бірқатар ха-

лықаралық ұйым еніп отыр. Қазіргі уақытта аталған кеңес Азиядағы ұжымдық қауіпсіздік мәселелерін талқылайтын алып алаңға айналған.

Сондай-ақ Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде Еуразиялық экономикалық одақ құрылды. Мәселен, бытыр экономистер 2017 жыл Еуразиялық экономикалық одақ үшін жемісті болғанын айтқан еді. Оған мүше 5 мемлекет арасындағы тауар айналым 27 пайызға артып, жыл қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімдегі өсім 2 пайыз болған. Енді 2018 жылға ЕАЭО-дағы негізгі жобалар қатарына еуразиялық брендті қалыптастыру, дәрілік заттар мен дәрі-дәрмектердің ортақ нарығын дамыту, ішкі нарықтағы өзге де кедергілерді жою, сондай-ақ үшінші елдермен сауда-экономикалық байланыстарды барынша дамыту міндеттері қойылып отыр.

ШЫҰ-ға келер болсақ, алғашқыда Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан мемлекеттерінің қатысуымен «Шанхай бестігі» ретінде құрылып (1996 жылы), кейіннен, яғни 2001

жылы аталған бірлестік қатарына Өзбекстан қосылғаннан кейін Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп аталған бұл құрылым аймақтық қауіпсіздікті нығайту, елдеріміз арасындағы экономикалық өзара іс-қимылды ілгерілету және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту мақсаттарын көздейді. Бытыр елордада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өткені есімізде. Сол кезде отырысты ашқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үндістан мен Пәкістанды

Шанхай ынтымақтастық ұйымының толық құқылы мүшесі етіп қабылдау рәсімінің аяқталғанына назар аударып, саммиттің тарихи маңызын атап өткен еді. «Ұйымның құрамы алғаш рет кеңейіп отырғандықтан, біздің осы кездесуіміз тарихи шараға айналады десем, артық айтқандық емес. Бүгіннен бастап Үндістан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымының толық құқылы мүшесі болды. Енді ұйымның жауапкершілік аясы 3 миллиардтан астам халқы бар аумақты қамтиды. Сонымен, ол «Шанхай сегіздігі» сияқты институттық дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бүгінде біз ШЫҰ кеңістігіне іргелес кейбір аймақтарда жағдай ұшығып, геосаяси шиеленістің өрши түскеніне куә болып отырмыз. Осы орайда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының Халықаралық терроризмге қарсы бірлескен іс-қимыл туралы мәлімдемесін қабылдауымыз дер кезінде жасалған қадам болды» деп атап өтті Президент.

Сонымен қатар ШЫҰ-ның халықаралық ұйымдармен және бірлестіктермен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі жұмысына қатысты. «2016 жылғы қарашада БҰҰ Бас ассамблеясы ШЫҰ-мен ынтымақтастық жөніндегі қарар қабылдады. Трансұлттық есірткі қылмысына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ШЫҰ-БҰҰ жоғары деңгейдегі бірлескен іс-шарасының қорытындыларын бағалаймыз. Шанхай ұйымының Халықаралық Кызыл Крест комитетімен қарым-қатынастарын рәсімдеудің болашағы зор. ШЫҰ-ның Еуразиялық экономикалық одақпен және Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымымен өзара іс-қимыл орнатуын да қолдаймыз» деген еді Қазақстан басшысы.

ШАРА

ЕЛБАСЫ КІТАБЫ – ҚҰНДЫ ДҮНИЕ

А.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын талқылауға арналған Қазақстан халқы ассамблеясы кафедралары республикалық қауымдастығының кеңейтілген отырысы өтті.

Отырысқа республикалық бейнеконференциялық байланысқа шыққан 30-ға жуық кафедраның өкілі қатысты. Іс-шара барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің жаңа тарихындағы және болашағындағы рөлі, егемен мемлекет құрудың негізгі кезеңдері, жаңғыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ қоғамдық келісім мен жалпы халықтық бірліктің қазақстандық моделінің мәні айтылып, «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы мен Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының мәнінде ҚХА кафедраларының алдында тұрған міндеттері қарастырылды.

Отырыста жетекшілік еткен ҚХА кафедралар ассоциациясының төрағасы, Қазақстан халқы ассамблеясы кеңесінің мүшесі, профессор Анатолий Башмаков күн тәртібінде Елбасының «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының маңыздылығын қа-



растыру тұрғанын алға тартты. «Аталған еңбекте Елбасы жаңа Қазақстанның тарихын керемет жазып шыққан. Президентті өз заманының шежіресі деп толықтай айтуға болады. Кітапта елімізде болған сөзеттер, тарихи фактілер мен

оқиғалар жақсы баяндалған. Сонымен қатар оқырманның да зор қызығушылығын оятады. Өте түсінікті, әдеби әрі кәсіби жазылған.

Бұл кездесуге ЕҰУ оқытушылары, студенттері мен магистранттары, елор-

далық ҚХА өкілдері, «Қоғамдық келісім» РММ қызметкерлері, ҚХА кафедралары филиалдарының өкілдері қатысты.

Шара барысында сөз алған ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Дархан Мыңбай, кітапқа қатысты ойын жеткізді.

— «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында баянды бірлігіміз бен байсалды тірлігіміздің негізі кенінен айтылады. Мұны рухани жаңғырудың, санамызды жаңғыртудың оқулығы ретінде пайдаланайық деген ұсыныстар да тусуде. Сондай-ақ тарихымыздың барлық кезеңінде ұлтаралық, этносаралық татулық пен бірлік мәселелері әруақытта өзінің лайықты рөлін атқарып келді. Бүгінде Елбасының қоғамдық келісім, қоғамдық татулық моделі әлем елдерінің қызығушылығын тудырып отыр. «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп болар» демекші, бүгінгідей дәрежеге жетіп отырғанымыз — сол татулығымыздың арқасы. Сондықтан бірліктің топтасуымыз керектігін түсінуіміз қажет. Елбасы кітабындағы тараулар мен бөлімдерінің өзі үлкен ойға жетелейді. Кез келген Қазақстан азаматы үшін бұл — өте құнды кітап» деді ол.

Нұрай РАХЫМ

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЫРЫСТЫ-АЭВРЗ» акционерлік қоғамы (бұдан әрі Қоғам), мемлекеттік тіркеу туралы анықтама 18.05.2004 ж. №9258-1910-АО, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 210, банк деректемелері: BСN 940340000322, ЖСК KZ17914398914BC30637, BСK SABRKZKA, «Сбербанк» АҚ ЕБ Қоғам акционерлерін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленетіні туралы хабарландырады.

- Дивидендтер төленетін кезең — 2016 және 2017 жылдарға.
- Дивидендтер төлеудің басталу күні — 2018 жылғы «29» қаңтар.
- Дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны — ақшалай түрде Қоғам қассасы арқылы.
- Бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері 285 (екі жүз сексен бес) теңгені құрайды.

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 210/1 мекенжайы бойынша хабарласуларыңызды өтінеміз. Өзіңізбен бірге жеке басты құжандыратын құжат болуы тиіс.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ЖАҢА ҚОСЫМША ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Атырауда «Атырау Цифрлы Қобылдау» қосымшасы іске қосылды. Осы жүйе арқылы қала тұрғындары мемлекеттік мекемелерге әртүрлі мәселелер бойынша онлайн тәртібінде тікелей хабарласып, өздерін толғандырған мәселелер бойынша кеңес ала алады.

Тұрсын ҚАЛИМОВА

Атырау облысы

Аймақ тұрғындары мобильді қосымшаны қалаған уақытынан бастап жүктеп алуларына болады. Ол үшін App Store немесе Play

Market-тің іздеу жолына ACQ Атырау деп жазса жеткілікті. Қосымша құрылымы 6 негізгі бөлімнен тұрады. Таратып айтсақ, жұмысқа орналасу, қоғамдық бақылау, тұрғын-үй коммуналды шаруашылығы, қоғамдық көлік, білім саласы секілді маңызды салаларға арналған. Әр бөлімде мәзір бар, қолданушы қажет бағанды таңдап, сауал қалдыра алады. Барлық бөлімде фото мен бейне енгізу қызметі орнатылған.

Құқықбұзушылық секілді оқиғаларға куә болған азаматтар фото мен бейнежазбасын жібере алады. Жоғарыда көрсетілген бөлімдер бойынша облыс орталығының тұрғындары сауал жолдап, анықталған заңсыздықтар туралы ақпарат жібереді немесе мемлекеттік органдардан түпкілікті мәлімет алады.

Мысалы, білім бағанында балабақша, коллеж, университеттер туралы мәлімет алып, өтінім бере алады. Жұмыс іздеушілерге еңбек биржасы мен бос жұмыс орындары туралы ақпарат пайдалы болмақ. Айтарлығы бұл бөлім күн сайын жаңартылады. Болашақ талапкерлер оқу орындарының тізімімен, мекен-жайымен танысып, қызықтырған сұрақтарын қалдыра алады.

Атырау облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, осы жүйе арқылы жақындары деструктивті діни ағымдар ықпалына тап болғандар немесе сезіктенетіндер психологтарға хабарласып, дінтанушы мамандардан ақпарат алады. Бұл бөлімде өтінімді анонимді түрде қалдыруға болады.

ЖИЫН

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы қоғамда қызу қолдауға ие болып, кеңінен талқыға салынуда. Елбасының Жолдауы – кезекті жылдың бағдарламасы іспеттес.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА КӨҢІЛ БӨЛІНДІ



Жолдауда көтерілген мәселелер жөнінде шекарашыларға баяндама оқыған «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалы Ақпараттық-насихаттау тобының мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ресейдің табиғи ғылымдар академиясының академигі, «Интеллект Орда» халықаралық социогуманитарлық зерттеулер институтының бас директоры Саттар Мажитов Жолдаудағы он міндетті түсіндіріп берді.

Елбасы Жолдауында айтылған ірі міндеттерді іске асырып, жетістіктерге жету үшін біздің Қазақстанның төл ерекшеліктерін және мүдделеріне жауап беретін өз әдістемемізді, «мемлекет пен қоғамның дамуы индексі» бойынша автономды моделімізді жасауымыз керек. Бүгінгі қоғам цифрлы дәуірге қадам басқан сайын киберқауіпсіздік мәселесі күн тәртібіне шығатыны айтпаса да түсінікті. Нешетүрлі вирус таситын бағдарламадан әркім зардап шегуі мүмкін. Бұлар көптеген компаниялар мен ірі банктерді шығынға батырып жатқаны да жасырын емес. Дей тұрғанмен қазіргі ақпараттық қауіпсіздік және криптография саласындағы жас мамандар мұндай бағдарламаларды өздері-ақ анықтауда.


Әсіресе, Жолдаудағы қазіргі білім беру саласына қатысты мәселелерді сөз еткен Саттар Фазылұлы Жолдаудың жетінші бөліміне ерекше тоқталды. «Адами капитал — жаңғыру негізі» деп аталған бұл бөлімде өз тарихын, мәдениетін, тілін білетін, сондай-ақ заман талабына сай шетел тілін меңгер-

ген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық қоғамның идеялына айналуы тиіс дейді. Яғни, болашақ қазақстандықтардың бойындағы негізгі қасиет — тілін, мәдениетін білу. Мәселен, білім саласы дамыған Жапония, Корея елдерінде де ең алдымен, адам тәрбиесін оның ішінде ұлттық тарихын, мәдениетін, ділін, тілін білетін, бойында ұлттық қасиеті бар адамдарды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Біз де Елбасының Жолдауын осы тұрғыдан қабылдауымыз керек. Мұны педагогикалық қоғаммен бірлесіп атқарғанымыз жөн.

Жолдауда Елбасы цифрлы дәуір өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландыруды үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керектігін айтты. Онда автоматтандыру мен цифрландырудан туындайтын проблемалар да назардан тыс қалмаған. Сондықтан әрқайсысымыз Елбасы Жолдауын талқылап, оның басым бағыттарын жүзеге асыруға, еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруға өз үлесімізді қосудымыз керек.

ҰҚК Шекара қызметі академиясының мәжіліс залына жиналған шекарашылар өз кезегінде С.Мажитовке Жолдауға байланысты бірқатар сұрақтар қойды. Әр сауалға толыққанды жауап берген ғалым Елбасының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауын қолдау арқылы және соны жүзеге асырудың негізінде еліміз қаршатып дамитындығын жеткізді.

Жанат ЖАБЫРБЕКОВ



«Естіген құлақта жазық жоқ». Баяғыда үлкендер тау суларында, әсіресе, Алтай мен Тәңіртау өзендерінде алтын көп болатынын айтатын. Әпсана ма, ақиқат па қайдам, бұрынғылар Алтайдың асау өзендеріне көктемде, ел жайлауға көшерден бұрын қойдың жүні түспеген терісін тастап, таспен бастырып кететін көрінеді. Күзде құзеуге келе жатқан жолда әлгі теріні алып, әбден жидіп тұрған теріні өртейді деседі. Сөйтіп, жаз бойы тау өзенінің арыны, қатты ағысы теріге жинап тастаған алтынды алады екен. Әрине, мұндай әдіс болды ма, жоқ па, ол жағын білмейміз. Бірақ бізге белгілісі бұрынғы қазақтың алтын шаюды білгендігі. Енді сол алтын сүзу қызметі біздің елде қайтадан жаңғыруы бек мүмкін. Оған Президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексі себеп болмақ.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ КӘСІБІ ҚАЙТА ЖАНДАНА МА?

Амангелді ҚҰРМЕТҰЛЫ

Президент өткен жылғы Жолдауында «Минералдық-шикізаттық базаны кеңейтуге баса назар аударылуға тиіс. Геологиялық барлау жұмыстарын белсенді жүргізу керек» деген болатын. Сонымен қатар жыл аяқталғанша жер қойнауы туралы жаңа кодекс қабылдау қажеттігін тапсырған. Сөйтіп, Инвестициялар және даму министрлігі әлгі кодекс жобасын жасап шыққан еді. Жыл бойы жобаны қоғамдық ұйымдар, жер қойнауын пайдаланушылар, кәсіпкерлер талқылады, Дүниежүзілік банк, Еуропадағы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы тәрізді халықаралық ұйымдардың сарапшылары баға берді, әйтеуір жыл соңында кодекс қабылданды. Міне, сол кодекстің біз сөз еткелі отырған тақырыпқа тікелей қатысы бар. Төтесінен айтар болсақ, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс қазактың көне заманнан бері келе жатқан металл өндіру ісіне, соның ішінде алтын іздеу мен алтын сүзу кәсібіне қайта оралуына мүмкіндік беруі ғажап емес. Себебі, кодексте шағын құрамында бағалы металдар көлемі аздау болатын тау жыныстарынан, шағын кен орындарынан жеке азаматтардың кен өндіруіне, дәлірек айтсақ, алтын қазу мен сөз басында айтқан тау өзендерінен алтын сүзуге рұқсат беріліп отыр. Демек, кодекс кәсіпкерліктің жаңа түріне жол ашқан жайы бар. Рас, құжатта алтын шаюшы немесе алтын қазушыларды «кен іздеуші» деп атапты. Орыстың бірауыз сөзбен «старатель», ағылшынның prospector деген сөзін осылай аударыппыз. Сол себепті, біз де кодекстегі нұсқасын пайдалануға бекіндік. Сонымен...

«КАРА КЕНШІЛЕРДЕН» ҚҰТЫЛУДЫҢ АМАЛЫ ҚАНДАЙ?

Ел ішінде, бұқараның арасында 90-жылдары қалыптасып, кейін түбегейлі жою мүмкін болмаған бірқатар дағдылар кездеседі. Бәлкім, біздің айтып отырғанымыз дағды деуге келмейтін дүние шығар. Бірақ қалай болғанда да бұл өткен ғасырдың 90-жылдарында қалыптасқан дүние еді. Ол – бағалы металдар кеніштеріне түсу, алтын кенін заңсыз сату мәселесі. «Қара кеншілер» деп аталатын осы топтар Ақмола облысының Жолымбет, Степногорск, Бестөбе, Жамбыл облысының Ақбайкәй кен орындарының төңірегінде, еліміздің өзге де алтын кеніштері маңайында әрекет жасайтыны бар. Бұрын алтын қазатын шахталарға тұрмыстың тауқыметін тартып, отбасын асырауға қиналып жүрген азаматтар да түсетін, кейін «қара старательдер» қылмыстық топтарға айналды. Оларды жою тым қиын болып тұр. Мәселен, тек 2016 жылдың он айында Степногорск қаласы маңынан алтын кенішінен шыққан тастарды үгітіп, құрамындағы бағалы металдарды алатын 25 шағын цех табылыпты. Олардан құрамында алтын бар кварц кенінің 20 тоннасы тәркіленген. Одан бөлек сол төңіректен жер астына түсетін жасырын 10 шахта анықталыпты. 2017 жылдың наурызында Ақмола облыстық ПД қызметкерлерінің бір күндік рейді кезінде тек Степногорск қаласында алтын кенін ұрлаумен айналысатын 63 адам қолға түскен. 2 шағын цех табылып, құрамында алтын бар 7 тонна руда тәркіленіпті. Одан бөлек, Ақсу мен Бестөбе елдімекендері аумағында 2017 жылдың алғашқы үш айында алтын рудасын ұрлаған 800 адам ұсталыпты. Жалпы соңғы бес жылда заңсыз жолмен алтын өндірмек болған 19 мың адам ұсталған. Бұл дегеніміз кішігірім қалашықтың тұрғынымен бірдей. Осы 19–20 мың адамның артында отбасылары, бала-шағалары тұрғанын ескерсек, бастарын бөйгеге тігіп, алтын шаю кәсібі мыңдаған жанның тағдырымен байланысты екенін аңғарамыз.



2017 жылы Үкіметке депутаттық сауал жолдаған Мәжіліс депутаты Меруерт Қазыбекованың мәлімдемесіне сенсек, бір ғана Ақмола облысы Степногор ауданында 2014–2015 жылдары алтын кенін ұрлаушылардың кесірінен бюджетке 2 млрд теңге салық түспей қалыпты. Сол жылдары жалпы саны 75 шағын цех анықталыпты. Бұлар алтын шаюмен айналысатын шағын өндірістер болса керек. 2018 жылдың 8 қаңтарында ҰҚК баспасөз қызметі алтын кенін заңсыз жолмен Қытайға өткізіп жүрген қылмыстық топты ұстағандарын хабарлады. Олар 106 тонна руданы екі вагонмен Қытайға өткізбек болыпты. Қылмыстық топтың құрамында Алматы, Астана және Степногорск қалаларының тұрғындарымен қатар, бір Қытай азаматы да бар екен. Қысқасы, «қара кеншілер» елімізде бар және олар ел экономикасына зиян келтіріп жатыр. Одан бөлек «қара кеншілердің» арасында өлім-жітім де көп. Заңсыз жолмен шахтаға түсіп, оқыстан мерт болып, қылмыстық топтардың арасындағы кикілжіңнен көз жұмып жатқандар да бар. Демек, олармен күрес жан-жақты болуы керек. Заңсыз жолмен алтын шаятындарды ұстап, қамаумен қатар, азаматтардың бұл қаламға баруының себебін анықтау, оларға басқа кәсіп көзін ұсыну да маңызды болып тұр. Біздің әңгімеге арқау болған «кен іздеуші» мәселесі осы тұрғыдан маңызды.

Негізі «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» жаңа кодекске

«старатель» ұғымын енгізу арқылы мемлекет заңсыз жолмен алтын қазатындарға қарсы күресті қажеттегі отырып, алтын іздеуді кәсіп еткен азаматтарға да қосымша мүмкіндік беруді қарастырса керек. Яғни, алтын шаюды заңдастыру арқылы ірі шахталар төңірегінде жүрген, көбі күнкөрістің қамымен бастарын бөйгеге тігетін адамдарды заңды жолмен табыс табуға бағыттау мақсаты көзделіпті. «Кен іздеуші» кәсібін енгізудегі басты мақсаттардың бірі – осы. Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Ақбатыр Надырбаевпен тілдескенімізде ол да осы пікірді құптаған. Бірақ комитет төрағасы «кен іздеуші» ұғымының қазіргі «қара кеншілер» дегеннен бөлек екенін айтқан. Алғашқысы заңды жолмен табыс табатын, бірақ кен орынын өзі тауып, рудаларды өзі шаятын адам болса, соңғылары – алтын өндіретін ірі шахталардың төңірегінде жүретін, заңсыз жолмен шахтаға түсіп, руда ұрлайтындар. Демек, соңғыларына қатысты «старатель» деген сөзді пайдаланудың өзі ақылға қонымсыз болмақ. «Қара кеншілермен» күрес күшейе бермек. Сөйкесінше рұқсаты бар «кен іздеушілер» алтын шаюға қорықпай кірісе бастайды деген сөз. Екіншіден, шағын кен орындарын игеру мақсаты тағы бар. Әрине, осы мақсат жиірек жарнамаланса керек, старательдік қызметтің әлеуметтік астары туралы айтатындар сирек.

GOLDEN RUSH-ТЫҢ ҚАЗАҚША НҰСҚАСЫ БОЛА МА?

Discovery Channel телеарнасы көрсететін Golden Rush бағдарламасы біраз жұртқа таныс болуы керек. АҚШ пен Канаданың алыс аймақтарындағы алтын қазушылар жайлы сөз етеді. Қызықты дүние. Сөйте тұра ол қазаққа танысқ емес еді. Өйткені қазақ бұрын алтын шаюды білген, талай қолданған. Мәселен, Хантәңірі шыңынан бастау алатын Байыңқол сайынан өткен ғасырдың басында қазақтар алтын сүзгені туралы ел аузында талай әңгіме қалған. Тіпті ондағы кен орынының ашылуы жайлы Ерканат Тәукебай есімді азамат «Қазақ әдебиеті» газетіне жазғаны бар. Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында да бұрын алтын шаю, алтын сүзу көп болған деседі. Түлкібас ауданы жеріндегі Орысарық, Беларусь деген сулардан алтын сүзіпті бұрынғылар. Белгілі журналист Нұрбек Бекбау бірде: «Біздің ауыл отырған жерде Орысарық деген таудың етегімен өтетін арық бар. Орыстар қазған. Былай аулаға су тарту үшін дейін десең, ол қызметті атқарып тұрған Беларусь бар. Атамнан сұрағанымда: «Кезінде орыстар алтын аулаған. Түлкібастың топырағында алтын көп екен» деп еді. Сол Орысарықта әр 100 метр сайын, тізгеге жетпейтін таспен қаланған «құрылыссымақтар» бар. Тура балық аулайтын сияқты аузы үлкейіп келеді де, су қайта ағып кететін жеріне теп-тегіс жалпақ тас қойған. Онысы сол қыңшау жатады, артқы жағы төбеге көтеріліп тұрады. Өзеннен алтынды қалай сүзеді деп, атам екеуміз әлгі орыстар жасаған тәсілді қолдану көрмек болғанбыз. Қой бағып жүргенде сол орыстардың «құрылысының» үстіне тақтайлармен бірлене істегенбіз. Бірақ оған алтын түскен жоқ» деген еді. Рас, олардың тәжірибесі сәтсіз болғаны анық. Алайда, бұл көшпенділер танымындағы алтын шаю дәстүрі түгел үзілді дегенді білдірмейді. Ел ішінде өзеннен алтын сүзудің технологиясын білетіндер әлі де бар. Одан қалды кен іздеушіліктің жаңа әдістерін қолдануға еш кедергі жоқ.

Жалпы, өзендерден алтын шаюды адамзат баласы тым ерте дәуірлерде-ақ білгені анық. Естеріңізде болса, ежелгі гректерде «Ясон және аргонавтар» деген миф бар. Пелій патша Ясонды Колхидадағы алтын жүнді қосқарды алып келуге жұмсайды. Сөйтіп, Ясонның қасына жиналған батырлар «Арго» деген кеменен сапарға шығыпты. Күн жүріп, ай жүзіп, жолда түрлі жерлерге қонақтап, Колхидаға жеткен деседі. Одан ары шытырман оқиғалар бар, құдайлардың араласатын тұсы да бар. Ақыры «алтын қосқарды» Ясон мен аргонавтар алып кетіпті-мыс. Енді бұл аңыздың алтын сүзуге қандай қатысы бар дейсіз ғой,

астарына үңілсеңіз, ежелгі әлемде алтын шаю қай өңірде мол болғанын байқататын әңгіме бұл. Колхида дегеніміз — қазіргі Грузияның батыс аймақтары, тіпті Қара теңіздің Қап тауымен шектесіп жатқан шығыс жағалауын да тұтас Колхида өлкесі деп айтатындар бар. Ертеде, тым ертеде, екі-үш мың жыл бұрын бұл жерде түрлі жеміс-жидек өсіру, шарап, колөнер бұйымдарын жасаудан бөлек, алтын шаю өнері де жақсы дамыған. Кейбір зерттеушілер Ұлы дала көшпенділері Алтайдан, Тәңіртаудан, Арқадан шайған алтындарын, өндірген мыстарын осы Колхидаға жеткізіп, одан ары саудагерлер гректер мен мысырлықтарға апарған деседі. Қысқасы, Колхида ежелгі әлемде алтын кеніне ұласатын қақпа рөлін атқарса керек. Бірақ Ясон мен достары іздеп келетін «алтын жүнді қосқарыңыз» біз мақаланың басында айтқан қазақ ішіндегі бір әңгімеге ұқсап тұрған жоқ па? Яғни, қойдың өлі жүні түспеген терісін суға бастырып кететіні жайлы әпсана мен «алтын жүнді қосқардың» арасында байланыс бар сияқты. Көне заманнан келе жатқан тәсілді қазіргі қазақтар айтып жүрсе, ежелгі гректерге бұл тәсіл «алтын жүнді қосқар» болып жеткен болуы бек мүмкін ғой. Бірақ мифтерді интерпретациялау басқа әңгіме. Біз тек байланыс іздедік.

Демек, бүгінгі кен іздеушілік қызмет немесе алтын шаю сөз басында айтқанымыздай дала халқына танысқ емес. Енді тек жаңа формада жүзеге асуы мүмкін. Бірақ көне дәстүрден біраз қол үзіп қалғанымыз тағы бар. Сондықтан, Қазақстанда «алтын безегі» басталады деуге сену қиын. Бастала қалса, қауіптенетін тұстар да бар. Жаңа кодекстің қабылданғанын естіген, алтын шаю ісінің төңірегінде жүрген азаматтар болса, заңдастырылған кәсіпке білес сыбана кірісуі мүмкін. Тек алтын және бағалы тастарды қазатын өңірлерді табу, сондай тау

шығындарына кетеді. Демек, пайда көңілдегідей болмай қалу қаупі бар. Заңсыз жолмен алынған алтынды жоғарғы бағаға сатып жіберу мүмкіндігі де, қатері де мол. Міне, осы тұрғыда қарастырар болсақ, кен іздеушілік қызметті енгізген жағдайда оны жан-жақты қолдау әрі бақылау қажет. Демек, Golden Rush-тың отандық нұсқасының қалыптасуы үшін мемлекеттік органдар мен халықтың тізе қоса еңбек еткені керек. Қоршаған ортаны қорғай жүріп, туған жердің қазынасынан пайдалансақ қана ұтамыз. Олай болмайынша кен іздеушілік қызметтің пайдасынан гөрі зардабы басым болып кету қаупі бар.

МЕМЛЕКЕТ БҰЛ ҚАДАМҒА НЕТЕ БАРДЫ?

Жалпы, табиғатта бағалы металдардың, алтын мен асыл тастардың шашыранды кен орындары болады. Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Ақбатыр Надырбаевтың айтуына қарағанда, тау жыныстары құрамындағы кен орындары миллиондаған жылдар бойғы желдің, күннің, судың әсерінен ыдырап, әдетте ағыны қатты өзен суымен төменге ағып кететін болса керек. Сөйтіп, өзен бойындағы кейбір жерлерге жиналып қалады. Осылайша, шағын кен көздері пайда болады. Енді сол кен орындарына жиналған бағалы металдар мен асыл тастарды жинауды мемлекет жеке адамдардың қолына тапсырмақ. Біз сөз еткен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске енгізілген «кен іздеушілік» деп аталатын тарау бағалы металдар мен тастардың шағын кен орындарын игеру мақсатын көздейді. Өйткені мұндай кен орындарына ірі компанияларды тартуға болмайды. Олар да 50–100 келі ғана болатын қоры бар кеніштерге келе қоймайды. Алтын мен бағалы тастарды алуға кеткен шығын ақталғанша әлгі кеніштегі қор таусылып қалуы мүмкін. Демек, бұл істе жеке азаматтардың күші қажет. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» жаңа кодекстің талаптары бойынша кен іздеуші болуға лицензияны жергілікті атқарушы органдар береді. Оның да түрлі талаптары бар. Кен іздеуші болғысы келген адам тиісті органға өзі бағалы металл немесе асыл тас қазғысы келетін жердің аумағын көрсетіп, қолындағы техникаларын таныстыруы қажет. Заң бойынша старатель алтын шаю жұмыстарына көлемі І текше метрдің жартысынан көп болмайтын күрегі бар экскаваторлар мен бульдозерлерді, жүк көтеру салмағы 10 тоннадан аспайтын көліктері ғана пайдалана алады. Күрделі құрылыстар салуға, химиялық реагенттер мен жарылғыш заттар пайдалануға рұқсат жоқ. Жерді белгіленген мөлшерден төмен қарай қазғанда 3 метр тереңдіктен асырмауыңыз керек. Қысқасы, алтын шаюшыларға түрлі талаптар қойылған. Сол талаптар үлесінен шықсаңыз ғана сізге алтын қазуға рұқсат етеді. Кодексте лицензияны қайтарып алу, кен іздеушілік қызмет жасауға рұқсат етілмейтін аймақтар және тағы басқа шектеулер мен бақылау мүмкіндіктері қарастырылған. Жаңа нормативтік құжат бойынша, бір жылда кен іздеушілерге 50 келі алтын шаюға рұқсат етіліпті. Бірақ мұнын мүмкін емес екендігі ешкімге жасырын емес. Ақбатыр Надырбаевтың айтуына қарағанда, кен іздеушілік жұмысқа қатысты біліктілік талаптары да бар екен. Геолог болмаса да, геологист, гидрология инженері, тау-кен инженері дегендей геологияға сәл де болса жақындығы бар мамандық иелеріне артықшылық берілетін көрінеді. Ондай мамандар болмаса алтын мен бағалы тастар кеніштерін кез келген адам таба қоюы екіталай. Дегенмен Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы кен іздеушілерден үміт күтетінін жасырмады. Өйткені олар халықтың ішінен шығады. Қазақтың көнеден келе жатқан кен қазу ісінен хабардар, жер жағдайын біледі. Болмағанда үлкендерден естігендері бар. Аудиториядан шықпаған теоретик емес. Жер бетінің өсімдік жамылғысына қарап та біраз дүниені білугі мүмкін. Үстірттің құдықшылары өсіп тұрған шөпке қарап сол өңірде су бар ма, жоқ па дегенді біліп отырыпты. Сол сияқты кен іздеушілердің де өзіндік тәсілдер қолдануы бек мүмкін. Өйткені бұқара көнеден келе жатқан кен көздерінің қайда екенін біледі. Демек, кен іздеушілер мемлекет қазынасын алтын мен бағалы тастарға толтырды деген үміт бар. Бұл кәсіппен айналысатындар өздерінің отбасыларын да асырап, шағын кәсіпкерліктің жаңа түрін дамыта бергінен сенгіміз келеді. Қалай боларын алдағы уақыт көрсетер.

Түйін

Мына бір деректі қараңыз, көрші отырған, бірақ қазба байлығы көп болғанымен, қазынасы орта Моңғолия мемлекетінде кен іздеушілер мен қарапайым халық елдің ұлттық банкіне 2016 жылы 16 тоннаға жуық алтын өткізіпті. Рас, бұл көлемнің ішінде кеніштерден алынған саф алтын да, өңделген сырға-жүзік сияқты дүниелер де болуы ғажап емес. Бірақ ең маңыздысы алтын сатқандар өз жағдайын жақсартып қана қоймай, елдің алтын резервін арттыруға септігін тізгінен сөзсіз. Сондай күнге біз де жетерміз деген үміт бар. Мемлекет жердің сырын білетін жұрттың алтын сүзумен айналысуына мүмкіндік беріп отыр. Енді алтын шаю заңды болмақ. Тағы бір қызық деректі айта кетейік. Сөз басында біз бұрынғы қазақтың тау суына қойдың терісін тастап, таспен бастырып кететінін айттық. Қой жүні алтынды сүзіп қалатын болса керек. Заманауи кен іздеушілер өздерінің алтын шаятын құрылғыларына «канада кілемі» дейтін материал орнатады. Түкті кілем сияқты дүние ол. Олар сумен шойылған құмның ішінен алтын түйіршіктерін ұстап қалатын көрінеді. Осыдан-ақ үлкендерден естіген әңгімелердің әпсана емес екеніне көзің жетеді.

ТҮЙТКІЛ

Елімізде жалпы саны 18 конфессияны құрайтын 3693 діни ұйым өз қызметін жүзеге асыруда. Қазақстандықтардың 16 пайызы дінге сенушілер қатарына жатады және де тұрақты түрде діни рәсімдерді орындайды. Азаматтарымыздың 75 пайызы өздерін өртүрлі дінді ұстанушылар қатарына жатқызады, бірақ діни жоралғыларды тұрақты түрде орындамайды. Азаматтардың 10 пайызы атеистік және агностик бағыты ұстанады.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Еліміздегі діни ахуалдың тұрақтылығы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас, конфессиялар арасындағы өзара әрекет-тестік, азаматтардың ар-ождан бостандығының деңгейі, дін саласын реттейтін қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуы, азаматтардың дін саласындағы саясатқа қатынасы мен дін саласындағы ахуалды бағалауы сияқты көп қатпарлы өлшемдердің нәтижесінен құралады. Бұл жағынан алғанда, еліміздің дін саласында шешімін таппай отырған мәселе жоқ. Мемлекеттік-конфессиялық тұрғыдан дәйекті қатынас орнатылып, азаматтардың діни бостандығы толығынан қамтамасыз етілген. Елімізде дін саласында мемлекеттік саясаттың жүзеге асыратын уәкілетті орган — Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі.

— Зайырлы және дәстүрлі құндылықтар — біртұтас ұлт қалыптастырудағы басты негіздерінің бірі. Қазіргі кезде Қазақстан қоғамы рухани келісім мен өзара ынтымақтастық жағдайында дамып келеді. Ширек ғасырдан астам уақыт ішіндегі үлкен жетістіктеріміздің бірі — елімізде діни сенім бостандығының, діни еркіндіктің толық бекуі, сонымен қатар конфессия өкілдерінің заң аясында қызмет етуі. Өкінішке қарай, дінді біржақты түсінетін радикалды ағымдардың идеяларын ұстанушылар тарапынан елімізде соңғы 5-6 жылда бірқатар жантүршігерлік оқиғалардың орын алғаны мәлім. Десек те, осындай оқиғалардың өзі еліміздегі діни ахуалдың тұрақтылығына сызат түсіре алмайды. Керісінше, мұндай ланкестік оқиғалар қоғамда берік орныққан конфессияаралық келісім мен ауызбіршіліктің баға жетпес құндылық екеніне көз жеткізе түседі. Сондықтан еліміздегі діни ахуал тұрақты екендігін және діни себептерді бүркеніп, радикалдардың қатысуымен орын алған бірді-екілі оқиғас жағдайлар оған түбегейлі әсер етпеді деп сеніммен айта аламыз. Қазақстан — әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі. Сол себепті, ел тарихы қазіргі заманғы әлемнің жағдайымен, даму серпінімен, халықара-

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ ҚАНДАЙ?



лық саясат пен экономикадағы өзгерістерге тығыз байланысты дамиды. Діни сипаттағы дүниені дүрліктірген құбылыстардың, әсіресе, соңғы кездері орын алған Мысырдағы мешітте болған теракт, Ауғанстан мен Нигерияда болған қанды оқиғалар, Сирия аумағындағы ДАИШ террористік ұйымы әрекеттерінің зұлымдығынан қарапайым халық зардап шегуде. Мұндай әрекеттердің еліміз үшін де кері ықпалы, қауіп-қатері бар екені рас. Бұл ретте қоғамның тыныштығы мен мемлекеттің қауіпсіздігін сақтау мақсатында дін саласындағы мемлекеттік саясатты жан-жақты жүзеге асыру міндеті алға шығады, — дейді Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры Айдар Әбуов.

Дін саладағы ең маңызды міндет — еліміздің дамуының зайырлы қағидатын қамтамасыз ету және нығайту. Яғни, азаматтардың ар-ождан бостандығын бұлжытпай кепілдендіру, оның дінді таңдай алу немесе діннен бас тарту алу құқығын қамтамасыз ету зайырлылық моделіміздің айнымас негіздері ретінде қала береді. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамымызда берік орныққан конфессияаралық келісімді одан әрі нығайту — діни бірлестіктермен бірлескен жұмысымыздың аса маңызды бағыты. Сонымен қатар діни экстремизм

мен терроризмнің алдын алу жұмыстары негізгі екі бағытта жүргізіліп келеді. Жалпы, профилактика және мақсатты реабилитациялау жұмыстары:

1) жалпы профилактика қоғамда діни-экстремистік идеологияны жақтырмау ахуалын қалыптастыруды, дінге қызығушылық танытатын тұрғындардың сауатын көтеру бойынша жұмыс атқарады;

2) мақсатты реабилитация тәуекел топтарымен, яғни экстремистік ағымдардың идеологияларына еріп кеткен адамдарды теологиялық тұрғыдан дәстүрлі сенімге қайтару мақсатында жеке жұмыстар жүргізу арқылы іске асырылып келеді. Бұл бағыттағы іс-шараларда Ішкі істер министрлігінің түзеу мекемелерінде (колонияларда) жазаларын өтеушілермен жұмыс жүргізіледі. Жалпы, дін саласында басты рөл ойнайтын — діни бірлестіктер, солардың ішінде — ҚМДБ. Мемлекет осы мақсатта мешіт қызметкерлерінің білім деңгейін көтеруге, оның қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және олардың өз жұмыстарын зайырлық жағдайына бейімдеуіне көмек көрсетеді.

Тұңғыш рет деструктивті діни ағымдар мен псевдосалафизмге қарсы Үкіметтің тікелей позициясы айқындалды. Айдар

Әбуовтің айтуынша, қазақстандықтардың 85 пайызы деструктивті идеялардың таралуына қарсылық білдірген. Халықты ақпараттандыру, мемлекеттің дін саласындағы саясатын түсіндіру мақсатында елімізде 250 арнайы ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істеуде. Олардың құрамында 3500-ге жуық адам бар. Есептерге сәйкес, өткен жылы 23 мыңға жуық іс-шара өткізіліп, олар 1 миллион 850 адамды қамтыды. Сондай-ақ KazIslam.kz интернет порталымен бірлесіп жұмыс жүргізілуде. Министрлік жанында дін мәселелері жөніндегі және дін көшбасшыларының Сарапшылар кеңесі бар. Әр жылда бір рет дінтанушылар форумы өткізіліп отырады. «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам университетін Қазақстанның қарамағына өткізу үшін қазіргі уақытта Мысыр елімен келіссөздер жүргізілуде. 2017 жылы министрлік баспа өнімдерін шығаратын 2925 нұсқаға талдама жұмыстарын жүргізіп, оның ішінде 136 нұсанның заңға қайшы әрекетін анықтады. Радикалды бағыт ұстанатын тұлғаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, «Нұр-Мұбарак» университетінің жанында экстремизмге қарсы іс-қимыл саласы бойынша теологтарды дайындайтын институт құрылды. Аталған білім ордасында 100-ден астам имам қайта даярлау курсынан өтті. ІІМ мен ҚАЖК (қылмыстық атқару комитеті) жүйесінде діни экстремизм үшін сотталғандарды бейімдеу бойынша жұмыстар өткізу ұйымдастырылды. Дін саласы бойынша туындайтын сауалдар үшін «Қауырт желі — 114» желісі жұмыс істейді.

Елбасымыз жаһандық әлем өзінің үдемелі серпінімен халықтың руханилығына, оның құндылықтары мен дәстүрлеріне негізделген қазақстандық ұлттың ерекше сана-сезім тұрпатын талап ететіні жөнінде нақты атап көрсеткен болатын. Олардың ең басты құндылығы — Қазақстанның зайырлы құндылықтары, толеранттылық, бейбіт өмірді сүйіштік және барша дінге сенушілер мен атеистердің құқықтарын құрметтеу. Осы мақсатта елімізде дін саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту жұмыстарын белсенді атқарып келеді. Елімізде дінге еркіндік беретін зайырлы принциптер Конституциямен бекітілген. Зайырлық — мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.

— Президент «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Зайырлық дәстүрлері — Қазақстанның ертеле келе жатқан мұрасы» деп атап өтті. Мұның негізінде —

төзімділік, бейбітшілік және барлық діндар мен дінді ұстанбайтындардың құқығын құрметтеу жатыр. Дін — әрбір адамның жеке ісі, ол саясиленбауы және заңдарды ауыстырмауы керек. Екіншіден, дін рухани құндылықтарға баса назар аударып, басқа ұстанымдағыларды айыптап, кінәламауы керек. Адамдар зайырлы демократиялық мемлекеттің орнына ортағасырлық тәртіп орнап, аласапыран болуы мүмкін деп алаңдайды. Мұндай процестер бірқатар елде болған. Еліміздегі әлеуметтік зерттеулер нәтижелері азаматтардың көпшілігі зайырлық құндылықтарын жоғалтып алуға болмайтынын дұрыс деп санайтынын көрсетіп отыр. Дегенмен осы тұрғыда халыққа зайырлықты жете түсіндіру үшін қоғамдық тыңдауларды көбірек өткізуге деген қажеттіліктің бар екендігі аңғарылады. Мемлекет қоғам сұранысына сай зайырлық қағидаттарын уақыт өткен сайын жетілдіріп келеді. Себебі, зайырлық — қатып қалған догма емес. Зайырлық дегеніміз — жалпы халықтың мұн-мұқтажын ескеріп, соған сай мемлекеттік тұрғыда шешімдер қабылдау. Яғни, зайырлық — тірі ағза, ол ұдайы модернизацияны қажет етеді. Халық арасында діни сенімді, дінді дұрыс түсінуді қалыптастыру және конституциялық қағидаттар нығайту жұмыстарын көбірек жүргізу. Себебі, бүгінде деструктивті ағымдар фундаментализм мен ескірген діни қағидаларды таратуда. Олар қоғамның рухани, ізгі құндылықтарын, халықтың қалыптасқан өмір салтын, мемлекеттің конституциялық негіздерін бұзуға тырысуда. Бұл тұрғыда уақыт көрсеткендей, дінді дұрыс түсініп, оны дұрыс қолдануға дәстүр мен тиісті діни мәдениеттің деңгейі қажет. Көпконфессиялы ортада барлығының теңдігін қамтамасыз ете алатын құқықтық қоғам жағдайында ғана мүмкін дүние, — дейді Айдар Әбуов.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында халқымыздың ұлттық санасына егжей-тегжейлі талдау жасап, қазіргі заманның сын-қатерлерін ескере отырып, оны ары қарай жетілдірудің нақты жолдарын көрсетті. Елбасы «Рухани даму — бірқұндік емес, күрделі процесс» деп атап өткен болатын. Мемлекеттің зайырлы қағидаттарын, ұлттық болмысымыз бен сана-сезімімізді сақтай отырып қана көптеген жетістіктерге жете аламыз. Сонда ғана бүкіл әлемнің бізді тарихы бай, мәдениетті, серпінді экономикасы, болашаққа деген биік мақсаты бар бірегей ұлт ретінде қалыптаса аламыз. Рухани жаңғыру ытырақталу арқылы емес, қайта керісінше, сананың ашықтығымен, дамыған өзге елмен тең дәрежелі қарым-қатынас жасай алумен, жақсысын тану, оны игеру арқылы жүзеге аспак. Себебі, қазіргілік жаһандану үдерісі кезінде, кез келген ақпараттар легінің жақсы мен жаманды айырматан, ішкі сүзгілен өткізбестен қабылданып жатқан шағында руханиятқа, ұлттық сана, ұлттық бірегейлік мәселелеріне ерекше назар аударылуы — уақыттың талабы.

ТАЛҚЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын жариялап, елдің дамуы жолында іске асырылуға тиіс 10 негізгі тапсырманы атап өтті. Дамыған мемлекеттердің Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне тоқталды. Әлеуметтік экономикасы, өнеркәсібі, ғылымы, білімі, әдебиеті мен мәдениеті дамыған әлемнің 30 елінің қатарына еніп, олармен бәсекелес болу үшін әрқайсысымыздың атқарар іс пен басты жоба-жоспарымызды нақтылап көрсетті.

Қаншайым БАЙДӨУЛЕТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын жариялап, елдің дамуы жолында іске асырылуға тиіс 10 негізгі тапсырманы атап өтті. Дамыған мемлекеттердің Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне тоқталды. Әлеуметтік экономикасы, өнеркәсібі, ғылымы, білімі, әдебиеті мен мәдениеті дамыған әлемнің 30 елінің қатарына еніп, олармен бәсекелес болу үшін әрқайсысымыздың атқарар іс пен басты жоба-жоспарымызды нақтылап көрсетті.

«Көз қысты, бармақ басты» болған жерде, яғни жемқорлық жайлаған мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болып, экономикасы алға баспайтыны анық. Осыны басты назарда ұстаған Мемлекет басшысы елдің еңсесін түзеп, өзін-өзі еркін сезінуі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керектігін һәм оған тыйым салар заңның қатал да әділ болатынын қайталап өтті. Сонымен қатар білім, ғылым мәселесі де басы ашық басты тақырып

МАМАН ДАЙЫНДАУҒА МӘН БЕРІЛЕДІ

екендігі белгілі. Әрине, тәуелсіздіктің туын тіктеткен елімізде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, ғылым көкжиегіне жетелейтін жақсы идеялар жүзеге асуда. Мемлекетіміздің әрбір саналы азаматы өзінің қалаған мамандығы бойынша алыс-жақын шетелдің оқу ордаларында да білім алып, ой ұштап, еңбек етуде. Оған білік тарапынан тұрақты қолдау көрсетіліп келеді.

Биылғы Жолдауда да білім беру саласына үлкен мән беріліп, нақты тапсырмалар жүктелді. Ұстаздардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында жалақыларын 30 пайыздан 50 пайызға дейін өсіру тапсырылды. Осы орайда біздің міндетіміз — заман талабына сай кадрлар дайындап, жаңа технологияларды пайдалана отырып, сапалы білім беру.

Біліктің бесігін тербетіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару, қандай қиын қыспақта да, қуанышта да бір болу — біздің борышымыз. Мұны да Елбасы осы Жолдауында тайға таңба басқандай тағы да қайталап айтты.

Осыған сәйкес, Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінде ұжымы арнайы жиын өткізіп, ұстаздар арасында алдағы жоспарларымызды талқыға салып, пікір алмастық. Шәкірттерімізге түсіндіріп, жұмыс бағдарымызды бекіттік.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың алға қойған және оны іске асыруға тиіс 10 негізгі тапсырмасы біздің көңілімізге қонарлық іс және біздің ұжым құптауға дайын, — делі Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің директоры Дәлел Уәшев.

Бұдан кейін директордың оқу ісі және кәсіптік білім жөніндегі орынбасары А.Демешова мінберге шығып, Қазақстанның



әлемдегі түрлі сынақтарда төтеп беріп, экономикалық даму жолында нақты келе жатқанын, жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігінен туған «Қазақстан — 2050» даму стратегиясының ойдағыдай орындалып жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясындағы реформалардың 60 пайызы орындалып қойғаны туралы және индустрияландыру саласын өркендету үшін атқарылып отырған жүйелі жұмыстарға тоқталды. Конституциялық реформаны жүзеге асырып, Үшінші жаңғыру бағыты бойынша жасалған кешенді іс-шараларға көз жүгіртіп, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы дамуының Қазақстан халқы үшін маңыздылығын ашып көрсетті.

— Өркениетті, өнеркәсібі көз ілеспес жылдамдықпен дамыған бүгінгі заманда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы — біз

үшін зор маңызға ие болар құжат. Осы құжаттамада ел экономикасы мен мәдениетінің, жалпы алғанда, ой-өресінің өркендей түсу жолында 10 негізгі мақсат-міндет тұрғындығын көріп отырмыз. Мәселен, экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруына қол жеткізіп, цифрлы технологияны қолдана білу, цифрлы индустрияны жеделдету т.б. Міне, осы міндеттерді менгерген ұрпақ жерде қалмайтыны хақ. Ендеше, Елбасы айтқандай, бірлікті бетке ұстап, ақылды айна етуіміз абзал, — делі өз сөзінде А.Демешова.

Директордың әдістемелік жұмысы және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Алданазаров:

— Күллі дүние көз алдымызда өзгеруде. Технологиялар күн санап, сәт санап жанаруда. Жалпы, әлем жаһанданды. Жаһан адамзат баласынан адамгершілікті аңсайды, қарапайымдылықты қалайды. Қалай да, қандай да болмасын қоғамда құқықбұзушылық қыл-бұрауын құлдыратпаса екен дейді.

Міне, осы адам баласын алаңдатқан жайдың бірі — қызметті асыра пайдалану, шен-шекпенін алға тарту, өзгеден де өз қара басының қамын ойлау. Осылар сайып келгенде, сыбайлас жемқорлықтың арбасын алға тартады.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік басқекке қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруда тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көленке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында ашып көрсете білді. Осы тапсырмаларды әрдайым назарда ұстауға тиіспіз, — делі.

Колледж психологы Р.Болатхан Елбасының Қазақстан халқын әлемдегі озық елдердің қатарына қосу үшін қолдан келгенше тырысып және оны іске де асырып жатқанына тоқталды. Ұрпақ тәрбиесіне, қолды мен тәнінің саулығына баса назар аударма келе, денсаулық ісін алға бастыруға, аурудың алдын алып, оны болдырмауға міндеттегенін еске салды. «Әрбір қол-аяғы сау адамның салауатты өмір салтын ұстануына, уақытты демеуіне, қажетті аспен көптеп қоректенуіне, дене тәрбиесімен күнделікті шұғылдануына ұстаз да, ата-ана да, түптеп айтқанда, түгел ел түрткі болуы керек.

Елбасы Жолдауында айтылған мәселелердің тағы бір өзектісі — жастарымыздың жаңа технологияларды меңгеруі. Сондықтан терең білім жүйесін менгеретін кадр дайындауда, денсаулық мәселесіне жіті назар аударуымыз — басты міндет» делі.

ЕЛБАСЫ ПОШТАСЫНАН

ІЗГІЛІККЕ ШАҚЫРДЫ ЖАРТЫ ӘЛЕМДІ...

Әлемдік саясаттың кесеміне, Мінгенін салды елдің ер есіне. Қазақстан етуде төрағалық, БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне.

Бойында басшымыздың дүр кемелдік, Бойлатпайтын талайды тұр тереңдік. Бір секунды бағалы бұл ұйымды, Бір ай ұстап отыру — үлкен ерлік.

Ел алғысын алғасын көзді ашқалы, Елбасының қалайша озбас бағы. Қазақтың қара үйінен

шыққан бала, БҰҰ-ның нақ төрінде сөз бастады.

Сөз бастады тілімен күміс күптеп, «Адамзаттың еңсесін

дұрыс тіктеп, Келер күннің келбетін нұрлы қылар, Берекенің бастауы — тыныштық» деп.

Боталатып қараған қарашықты, Бізбен талай алауыт санасыпты. Төле бидей Елбасы төгілгенде, Төл тілдің төрге шығып бағы асыпты.

Өзі шыққан биікке ұлың солай, Ардақтап ана тілін ала шықты. Қаймықпады БҰҰ-ның алқасы деп, Қанында бабаларды бар қасиет. Алдындағы белесті бағындырды, Артындағы халқына арқа сүйеп.

Қан бүркіген қарулар сабылысып, Жарылыстан жер-жаһан

жанып-ысып. Алқымына тығылып тұр ғой қызыр, Адамзаттың жүрегі айлаң-ұшып.

Патшалар бар пайымы толыспаған,

Бір арнаға бастары тоғыспаған. Жеңген де, жеңілген де ұтылады, Соғыста жеңеді тек — соғыспаған. Ел бақытты үстінен оқ ұшпаған, Елбасымыз осындай жол ұстаған. Жұдырықтай жүрегің ойлағандай, Жұмыр жерді ойлауға борышты адам.

От-қарудан босатып арқа-белді, Нұрағам ерте ойлапты дарқан елді. Атомға емес, ақылға арқа сүйеп, Ізгілікке шақырды жарты әлемді.

Даурығып дау бақпаған ырыс баққан, Еркін елміз, егемен тыныш жатқан.

Бір төбенің басына қадасын деп, Бабасы баласына ту ұстатқан.

Төрден айтып Елбасын шешімімді, Төртқұл дүние таныды есімімді. Қазақстан — абырой биігінде, Қайырлы етсін Алла, осы күннің...

Мұхтар НИЯЗОВ, айттыкер ақын, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің жүлдегері, екі мәрте «Алтын домбыра» иегері

«Нұр Отан» партиясының Орталық аппараты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері **Еркімбаев Жексенбек ЕРКІМБЕКҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

 НҰР-Медиа AI'QYN МЕНШІК ИЕСІ — «Айқын газеті» ЖШС Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркете алынып, есепке қою туралы №16119-І қуәлігі 29.08.2016 жылы берілген	Директор — Бас редактор — Нұртөре ЖҮСІП Серікбол ХАСАН — Бас редактордың бірінші орынбасары Ермашан ШАЙХЫҰЛЫ — шығарушы редактор Асқар БЕК — жауапты хатшы Гүлжан СӘДЕНҚЫЗЫ — жауапты хатшының орынбасары Берік БЕЙСЕНҰЛЫ — веб-сайт редакторы РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ: 050000. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, — 79, 2 қабат Байланыс телефоны: Алматы (727) 315-24-56. Астана (7172) 94-57-84 e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru	БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ: Қамила ДҮЙСЕН — саясат, экономика Қаншайым БАЙДӨУЛЕТ — ақпарат, спорт Гүлзина БЕКТАС — руханият, әлеумет Жолдабек ДУАНАБАЙ — меншікті тілшілер бөлімі, тел.: 8 (727) 315-59-60 Мәділхан ДҮЙСЕБЕКОВ — техникалық редактор АСТАНА БЮРОСЫ: Амангелді ҚҰРМЕТҰЛЫ — 87789746272 (Астанадағы тілшілер қосынының менеджерісі) Айхан ШӘРІП — 8 (7172) 935784 Нұрсұлу АЙБЕКҚЫЗЫ — 87058324073 Серік ЖОЛДАСБАЙ — 87029151514 ШТЕЛЕДегі тілшілер: Раушангүл ЗАҚАҢҚЫЗЫ — 81036304178420, (Мажарстан) Дәурен ОМАР — 8108613764808083, (Қытай) ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 315-03-03. E-mail: zuhra-31@mail.ru Газет аптасына 4 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 АПТАЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ: 160 000 Тапсырм. №2511 Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Смт көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС. Әзімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 33-06-66, 34-07-47 Ішкі 114 «Айқын» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102 Жеке жазалушылар үшін — 65102 Кезекші редактор — Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
---	--	---	--